

Өлкетану
(оқу құралы)

Жалпы білім беретін 11 жылдық
мектептің 5-сынып мұғалімдеріне арналған

Н.А.Оразахынова, Б.Ж. Макулбекова, Г.К.Азимбаева

Өлкетану: Жалпы білім беретін 11 жылдық мектептің 5-сынып оқушыларына арналған оқу құралы /Н.А.Оразахынова, Б. Ж.Макулбекова, Г.К.Азимбаева /. – Нұр-Сұлтан: 2019. 80– бет.



**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТІҢ
ДҮНИЕТАНУ ПӘНІНЕН 5-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН**

«ӨЛКЕТАНУ» АТТЫ ТАҢДАУ КУРСЫНЫҢ

Оқу құралы

Нұр-Сұлтан –2019

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «...білім беру жүйесі міндеттерінің бірі ретінде белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру», – деп атап көрсетілген. Осы тұрғыдан келгенде, үздіксіз білім беру жүйесінің базалық буыны болып саналатын жалпы орта білім беру мектептерінің оқушыларына саналы тәртіп пен сапалы білім беріп, туған жерінің табиғатын қорғайтын мәдениетті тұлға етіп қалыптастыру бүгінгі күннің нақты талаптары екені даусыз.

Қазіргі таңдағы қоғамның саяси, әлеуметтік және экономикалық дамуындағы жаңару өткен тарихымыз бен мәдени мұраларымызды қайта қарауды, рухани құндылықтарымызды саралап, оны мектептің оқу-тәрбие үдерісіне ендіру арқылы оқушылардың өз өлкесін танып, мәдениетін қалыптастыруға қолайлы жағдайлар жасалып отыр.

Өлкетану мектеп қабырғасындағы тәрбиелік маңызы бар таңдау курсының бірі болып табылады. Себебі жергілікті материалдар – отандық тарихтың бөлінбес бір бөлігі. Өлкетану жұмыстары оқушылардың қоршаған табиғи құбылыстары мен заттары туралы, олардың өзара байланыс заңдылықтары туралы түсініктерін қалыптастыруға көмектесіп, өмірге деген қызығушылықтарын арттырады. Өлкетану материалдары қоршаған ортаға тікелей бақылау жасауға мүмкіндік береді. Ол туған өлке табиғатын, оның байлықтарын, даму заңдылықтарын, жергілікті жердің халқы мен шаруашылық түрлерін және олардың байланыстарын ұғынуға көмектеседі. Өскелең ұрпақ осы курсты меңгеру барысында экологиялық мәдениетін қалыптастыра отырып, жаңа заманның көкірегі ояу, ұлттық сана-сезімі жоғары саналы азаматы болып тәрбиеленеді.

Өлкетану тарихпен, археологиямен, этнографиямен, демографиямен, қосалқы тарихи пәндермен байланысты. Сондықтан өлкетанумен айналысу ғылыми зерттеу жұмысына жағдай жасайды. Зерттеуші өлкетанушылардың қоғамдық өмір тарапынан да, жаратылыстану тарапынан да қоршаған ортаға, құбылыстарға, дәлелдерге қызығушылық танытуы осы мәселе бойынша болмыстардың пайда болуына алып келді.

Өлкетану – мазмұны мен жекелеген зерттеу әдістері бойынша бір-бірінен ерекшеленетін, бірақ, бір тақырыптық жиынтықты құрай отырып, өлкені ғылыми тұрғыдан жан-жақты тануға мүмкіндік беретін (жол ашатын) бірнеше ғылыми пәндер кешені. Бұл таңдау курсы арқылы оқушылардың бойында өз өлкесі: оның табиғаты, табиғат ресурстары, өнеркәсіптері, көлік жүйесі, тарихи және мәдени дамуы, белгілі адамдары, өлкенің аудан, облыс, аймақ және республика үшін маңызы жайлы білім

жүйесі қалыптасады. Оқушының өз өлкесінің экономикасындағы еңбек ресурстарына сұранысы жайлы білу мүмкіндігі болады. Сонымен қатар туған аймақтың табиғи-экономикалық ерекшеліктерін және олардың даму келешегін оқып-үйренеді. Сондай-ақ өлкетану жұмысының мазмұнына өлкенің тарихи өткені, мәдени орындары, өлкенің атын шығарған атақты тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын зерттеу кіреді. Оқушылардың өз өлкесіне тән негізгі ерекшеліктерді анықтауға жағдай жасайтын, өлкетанудағы оқу-ізденушілік әрекетінің негізгі түрі ретіндегі бұл оқу құралы іздеу-зерттеу әрекеттерінің алгоритмі болып табылады.

Оқытудың басты мақсаты: Өлкетану курсының аса маңызды мәселелерін игеруде «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының түрлі әдіс-тәсілдері басшылыққа ала отырып, Астана қаласының тыныс-тіршілігі қамтылады.

Міндеттері:

- Оқу құралында берілген мәтіндердің мазмұнын сатылай кешенді талдау арқылы меңгерту;
- Оқушының ауызша және жазбаша талдауына ықпал ету;
- Оқушының өздігінен дамитын құзыретті тұлға қалыптастыру;
- Меңгерген білімін өмірде қолданудың түрлі амал-тәсілдерін үйренулеріне бағыт беру;
- Оқушылардың логикалық ойлауын, қабылдау, түйсіну әрекеттерін жетілдіру;
- Салыстыруға, дәлелдеуге, зерттеуге, қорытынды жасауға жаттықтыру;
- Өлкетанудың қыр-сырын жете меңгеруге өз бетінше, топтасып, жұптасып ауызша, жазбаша талдау жүргізуге мүмкіндік туғызу;
- Шығармашылық қабілеттерін арттыру;
- Экологиялық тәрбие беру және оны нақты тақырыптарға байланысты жүйелі жүргізуге үйрету.

Білу, игеру:

- Оқушылардың өз қаласының материалдарын ауызша, жазбаша сауатты талдай білуге баулу;
 - Ойын жинақтап айтуға, дәл және тез жауап беруге дағдыландыру;
- Шығармашылық жұмыстар жасауға машықтандыру.

Практикалық мақсаттары:

Теориялық білімді практикада, өлкетану тақырыптары бойынша білімді және басқа пәндерді оқуда қолдана алу: оқулықты, оқу құралдарын, сызба құралдарын, оқу және қосымша материалдарды өз бетінше білім алу біліктіліктеріне дағдыландыру. Оқушының жұмыс дәптерімен өз бетінше жұмыс жасай білуге жаттықтыру.

Күтілетін нәтиже:

1. Өз Отанын сүйетін, оның тарихын, тілін, әдет-ғұрпын құрметтейтін тұлға тәрбиеленеді.
2. Оқушылардың туған өлкеге деген қадір-құрметін оята отырып, сол арқылы туып-өскен өлкеге, Отанға деген сүйіспеншілік қалыптастырады.
3. Оқушылар мүмкін болғанша зерттеу жұмыстарына қатысады.
4. Оқушыларда қоршаған ортаны бақылай алу білігі қалыптасады, олардың күнделікті қажетті істерге қатысу қабілеті дамиды.
5. Отанымыздың тарихына жаңа беттер қосылады.



Мәтінді түсініп оқыңыздар.

Астана кеше, бүгін, ертең.

Астана шежіресі біздің заманымызға дейінгі үшінші мыңжылдықтан басталады. Көне қала қазіргі Астана қаласынан 15 шақырым жерде Бозоқты көлінің жағасында орналасқан. Бозоқ қаласының маңындағы көне суару құрылыстары соның айғағы. Сөйтіп, орта ғасырлық Бозоқ қаласы Ақмоланың тікелей атасы, ал оның соңғы ұрпағы қазіргі Астана қаласы .



Кеңес кезіндегі алғашқы Астан Орынбор қаласының неміс сөзінен шыққан «Оренбург» атауын тілімізге икемдеп өзіміз өзгерттік. Сол тұстағы кеңестік атау өзгертуге ілініп, қала Чкалов атанған көрінеді.



(Целиноград кезіндегі Астана көрінісі)

Сонау тың игеру кезінен Целиноград болып аталды. Тәуелсіздік алғаннан соң тарихи Ақмола атауын еншіледі.



(Ақмола кезіндегі Астана бейнесі)

1998 жылдың 6 мамырына дейінгі - Ақмола Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 20 қазандағы Жарлығымен және Қазақстан Республикасы Парламентінің мақұлдауымен 1997 жылғы 10 желтоқсанынан бастап Қазақстан Республикасының Астанасы болып жарияланады.

Сарыарқа төріндегі қайсар қала бүгінде елорда мәртебесіне орай Астана деп аталынды. Арайлы Астана Есіл жағасында еңсесін тіктеп келеді. 1997 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев елорданы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы Жарлыққа қол қойды. 1998 жылы 6 мамырда жаңа елорданың атауы Астана болып өзгертілді.



Астана — бұл кең даладағы жай қала ғана емес, саяси ерік-жігер көрінісінің нышаны. Бұл саяси батыл қадам. Астана шаңырағы әлі де болса биіктей түспек. Жаңа Астананың келешегі бүтіндей ХХІ ғасырдың еншісінде жатыр. Ал оның ертеңгі еңсесін көтеретін бүгінгі жас жеткіншектер.



Астана кеше, бүгін, ертең.

↓ **1. Анықтама.** Астана — бұл кең даладағы жай қала ғана емес, саяси ерік-жігердің көрінісі

↓ **1. Тану.**

2.1 Географиялық орны.

Астана шежіресі біздің заманымызға дейінгі үшінші мыңжылдықтан басталады.. Көне қала қазіргі Астана қаласынан 15 шақырым жерде Бозоқты көлінің жағасында орналасқан.

2.2. Астанамыз – Орынбор қаласының неміс сөзінен шыққан «Оренбург» атауын тілімізге икемдеп өзіміз өзгерттік. Тың игеру кезінен Целиноград болып аталды. Тәуелсіздік алғаннан соң тарихи Ақмола атауын еншіледі.

2.3. Ақмола – Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 20 қазандағы Жарлығымен және Қазақстан Республикасы Парламентінің мақұлдауымен 1997 жылғы 10 желтоқсанынан бастап Қазақстан Республикасының Астанасы болып жарияланады.

3. Болашағы. Астана шаңырағы әлі де болса биіктей түспек. Жаңа Астананың келешегі бүтіндей ХХІ ғасырдың еншісінде жатыр. Ал оның ертеңгі еңсесін көтеретін бүгінгі жас жеткіншек біздерміз.
Барлық бала жүрегі.
Барша қауым тілегі.
Әсем қала Астана.
Бүкіл бала біледі.

↓ **4.Қорытынды.** Қазақстан елордасы Астана ЕурАзЭҚ тің ірі қалалары мүшелік ететін, әлеуметтік және іскерлік қатынас саласында беделді ұйым болып табылатын Астана мен ірі халықаралық Ассамблеясына (ХҚА) мүше болды.

↓ **5. Нәтиже.**

Тапсырма:

- 1.Мәтіннің негізгі ойы қандай?
- 2.?
- 3.Болашақ Астананы елестет.



*Дәптермен жұмыс
Астана кеше, бүгін, ертең*


Айырмашылығы

Ортақ белгілері

Айырмашылығы

1-

тапсырма. ВЕНН диаграмасы арқылы Астана қаласының кешегісі мен бүгінін салыстырыңыз, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табыңыз.



2– тапсырма. Төмендегі сызба бойынша «Мен армандаған қалаға» талдау жасаңыз.

1. Анықтама. _____

2. Тану. _____

3. Маңызы _____

4. Ерекшелігі _____

5. Қорытынды _____

6. Нәтиже _____



Мәтінді түсініп оқыңыздар.

Астана – бас қала

Астана – Қазақстанның бас қаласы.
Көк туды көкке ілгізген,
Ғаламға құлақ түргізген,
Заманға пырақ мінгізген,
Түндері бірдей күндізбен
Бұл Астана менікі!

Д. Мәсімхан.



«Астана – бас қала» - деп айтылуында үлкен сыр жатқан секілді. Жаңа Астанада бой көтеріп жатқан көп қабатты үйлер жаңаша сәнмен, ерекше көрікпен салынып жатыр. Қаланың әсемдігіне қарап көзін тоймайды. Шет елдердегі қалалар секілді.

Жаңа қаланың ортасынан бой көтерген Бәйтеректің, Ақ орданың, Үкімет үйі бәрі-бәрі де ерекше сәнмен орын тепкен. Әсіресе алаңқайларға егілген, қазақша өрнекпен бейнеленген қызыл- жасылды гүлдер, жан-жағына салқын леп таратып тұрған түрлі-түсті фонтандар, халқымыздың ертегі-дастандарынан алынған ертегі кейіпкерлерінің мүсіндері көз алдыңнан кетпейді.

Ерке Есілдің жағасында бой түзеген әсем Астана -жаңа ғасыр ғажабынан жаралған жас қала. Жер шарының картасынан Астана атауы да өз орнын алды. Қазақстанды асқар асуларға бет алған керуен десек, Астана оның адастырмас темірқазығы іспетті.

Ежелгі Есілдің жағасында көрікті шаһар қанат жайды, қазақ елі үшінші мыңжылдыққа сай кесек қимылдай алатын, әлемдік өркениетке үлес қосуға қабілетті ел екенін паш етті.

Астананы салуға еліміздің 71 қаласы, 432 құралас компаниялары қатысты, 135 зауыт құрылыс материалдармен жабдықтап отырды. Жергілікті фирмалармен бірге жаңа астананың түрік, итальян, француз, швейцар компаниялары да көтерді. Жыл сайын 60-тан 100-ге дейін орташа және ірі нысандар беріліп отырды. Қарқынды құрылыс пен бүкіл халықтық қолдау осы жылдар ішінде Қазақстан даласында қазіргі заманғы, қайталанбас келбеті бар қала салуға мүмкіндік берді. Қаланың сәулеттік концепциясын әзірлеуде қалаға еуропалық келбет беру идеясы ескерілді. Сәулетті ғимараттар қазіргі заман дизайны мен азиялық айшықты үлестіреді.

Әсіресе балалар үшін жаңа оқушылар сарайының орны бөлек. Мұнда көптеген секциялар жұмыс істеп, үйірмелерде бір мезгілде төрт мыңдай бала айналысады.

Осындай әсем құрылыстар Астананы әлемнің алдыңғы қатарлы отыз қаласының қатарынан орын алатынын сендіреді.



Астана – бас қала

1. **Анықтама** Астана – Қазақстанның бас қаласы
Көк туды көкке ілгізген,
Ғаламға құлақ түргізген,
Заманға пырақ мінгізген
Түндері бірдей күндізбен
Бұл Астана біздікі!

2. **Тану.** «Астана – бас қала», – деп айтылуында үлкен сыр жатқан секілді. Жаңа Астанада бой көтеріп жатқан көп қабатты үйлер жаңаша сәнмен, ерекше көрікпен салынып жатыр. Қаланың әсемдігіне қарап көзің тоймайды. Шет елдердегі қалалар секілді.

3. **Ерекшелігі.** Ежелгі Есілдің жағасында көрікті шаһар қанат жайды, қазақ елі үшінші мыңжылдыққа сай кесек қимылдай алатын, әлемдік өркениетке үлес қосуға қабілетті ел екенін паш етті.

4. **Болашағы.** Әсем құрылыстар Астананы әлемнің алдыңғы қатарлы отыз қаласының қатарынан орын алатынын сендіреді. Осындай әсем құрылыстар Астананы әлемнің алдыңғы қатарлы отыз қаласының қатарынан орын алатынын сендіреді.

5. **Қорытынды.** Әсіресе балалар үшін жаңа оқушылар сарайының орны бөлек. Мұнда көптеген секциялар жұмыс істеп, үйірмелерде бір мезгілде төрт мыңдай бала айналысады. Қаланың сәулеттік концепциясын әзірлеуде қалаға еуропалық келбет беру идеясы ескерілді. Сәулетті ғимараттар қазіргі заман дизайны мен азиялық айшықты үлестіреді

6. Нәтиже.

Тапсырма:

1. «Еңселі Елорда, Асқақтаған Астана » ?
- 2.....ошағы,.....ордасы?



Дәптермен жұмыс

Астана бас қала


1 – тапсырма. «Арман қала» тақырыбына эссе жазыңыз.

2– тапсырма. Төмендегі сызба бойынша *Бәйтерек монументіне* талдау жасаңыз.

↓	1. Анықтама _____
↓	_____
↓	2. Тану
↓	_____
↓	_____
↓	3. Маңызы
↓	_____
↓	_____
↓	4. Ерекшелігі _____
↓	_____
↓	_____
↓	5. Қорытынды _____
↓	_____
↓	_____
↓	6. Нәтиже _____
↓	_____
↓	_____



Мәтінді түсініп оқыңыздар. Астана әлем қаласы



Боливияның астанасы Ла-Пас қаласында ЮНЕСКО-ның бас хатшысы Федерико Майор 1999 жылы 16 шілде күні Астана қаласына «Әлем қаласы үшін» халықаралық конкурсы жеңімпазының медалі мен сертификатын табыс етті. Осы күннен бастап Астана «Әлем қаласы» атағына ие.

Сонымен қатар, Астана 2003 жылы әлемдік «Moody's Investors Service» рейтингтік агенттігі қаламыздың кредиттік рейтингісін Ba3 –тен (тұрақты) Ba1 –ге (оң) дейін, бірден екі деңгейге көтерді. Бүгінде елордамызды Мәскеу, Минск, Киев, Кишинев, Ташкент, Рига, Тбилиси, Баку, Каир, Исламабад, Берлин, Будапешт, Варшава, Вильнюс, Анкара, Гданьск, (Польша), Ушак (Түркия) , Бангкок (Таиланд), Сеул (Корей Республикасы), Амман (Иорданиялық Хашимит Корольдығы) секілді әлемнің жиырма қаласымен достық және бауырластық қарым-қатынастар тығыз байланыстырады. 2000 жылдан бастап, Қазақстан елордасы Астана Мәскеу, Минск, Бішкек және тағы да басқа ЕурАзЭҚтің ірі қалалары мүшелік ететін, әлеуметтік және іскерлік қатынас саласында беделді ұйым болып табылатын Астана мен ірі қалалар халықаралық Ассемблеясына (ХҚА) мүше болды.

Астана халықаралық іскерлік және мәдени орталыққа айналып келеді. Қалада әкімшілік, іскерлік, әлеуметтік-мәдени, ғылыми-білім беру және бизнес-орталықтардың, тұрғын үй кешендерінің, алдыңғы қатарлы мемлекеттер астаналарының стандарттарына сай келетін елордалық инфрақұрылым нысандарының құрылысы жанданып, бой көтерілуде.

Сіз білесіз бе?

Астана — Азия астаналарының ішінде солтүстік полюске ең жақын орналасқан.

Астана — ғаламшардағы ең суық астаналардың бірі, Моңғолия астанасы Ұланбатырдан жылы, Канада астанасы Оттавадан суық

Әлемдегі астана аталатын астаналар тек қана Қазақстан астанасы —

Астана қаласы және Оңтүстік Корея астанасы — Сеул қаласы.

2012 жылы Астана қаласы ТМД-ның және түркі әлемінің мәдени астанасы болды.

Астана қаласы әлемдегі ең жас астана болып табылады.

2012 жылы ЮНЕСКО-ның шешімімен Астана қаласына «Әлем қаласы» дәрежесі берілді.



Астана әлем қаласы

▼ **1. Анықтама.** Боливияның астанасы Ла-Пас қаласында ЮНЕСКО-ның бас хатшысы Федерико Майор 1999 жылы 16 шілде күні Астана қаласына «Әлем қаласы үшін» халықаралық конкурсы жеңімпазының медалі мен сертификатын табыс етті. Осы күннен бастап Астана «Әлем қаласы» атағына ие.

▼ **2. Тану.** Бүгінде елордамызды Мәскеу, Минск, Киев, Кишинев, Ташкент, Рига, Тбилиси, Баку, Каир, Исламабад, Берлин, Будапешт, Варшава, Вильнюс, Анкара, Гданьск, (Польша), Ушак (Түркия), Бангкок (Таиланд), Сеул (Корей Республикасы), Амман (Иорданиялық Хашимит Корольдығы) секілді әлемнің жиырма қаласымен достық және бауырластық қарым-қатынастар тығыз байланыстырады

▼ **3. Ерекшелігі.** 2000 жылдан бастап, Қазақстан елордасы Астана Мәскеу, Минск, Бішкек және тағы да басқа ЕурАзЭҚтің ірі қалалары мүшелік ететін, әлеуметтік және іскерлік қатынас саласында беделді ұйым болып табылатын Астана мен ірі қалалар халықаралық Ассемблеясына (ХҚА) мүше болды.

▼ **4. Болашағы.** Астана халықаралық іскерлік және мәдени орталыққа айналып келеді. Қалада әкімшілік, іскерлік, әлеуметтік-мәдени, ғылыми-білім беру және бизнес-орталықтардың, тұрғын үй кешендерінің, алдыңғы қатарлы мемлекеттер астаналарының стандарттарына сай келетін елордалық инфрақұрылым нысандарының құрылысы жанданып, бой көтерілуде.

5 Қорытынды.

Асыл далам,

Бәрінен де ар құнды,

Өр биікке көтере бер халқыңды:

Сен болмасаң кім таниды затымды,

Елдігімді, атағым мен даңқымды,-деп ақындары жырға қосқан

Астананың атағының асқақтығы осы бір ауыз сөзден-ақ көрініп

тұр. Шынында да Елордамыз әлем мойындаған әсем қалаға

айналды.

6. Нәтиже.

Тапсырма:


1. Қай мемлекетпен қарым-қатынаста болғанды қалайсыз, неге ?
2. Астанаға айтар тілегіңіз?

 *Дәптермен жұмыс*

Астана әсем қала

1 – тапсырма. *Астана қаласының әсем жерлерін төмендегі тірек-сызбаға толтырыңыз.*

Әсем қала Астана



2-тапсырма. *Сурет бойынша әңгіме құрап жазыңыз.*



3-тапсырма. *«Менің Астанам» тақырыбына бес жолды өлең құраңыз.*

1.Зат есім _____

2.сын есім _____

3.етістік _____

сөйлем құрау _____

1.синоним _____



Мәтінді түсініп оқыңыздар.

Астана EXPO- 2017

EXPO-2017 халықаралық көрмесін өткізуге ниетті Қазақстан әлемдік қауымдастыққа «Болашақ энергиясы» тақырыбын ұсынғаны белгілі. Қалай дегенде де, EXPO сияқты халықаралық көрмелерге қатысу қай елдің болса да әлеуетін дүниежүзіне паш етуге берілген тамаша мүмкіндік деуге болады. Оның үстіне, әлем алдында өзіңнің даму деңгейіңді іс жүзінде дәлелдей отырып, шараны жоғары жауапкершілікпен өткізу – өте зор құрмет. Өйткені елдерді достастыру, ауызбірлікке шақыру, инфрақұрылымдарды лайықты деңгейде дамыту – жоғары дәрежеде өтетін кез келген іс-шараның мақтанышы. Әрине, бұл оңай шаруа емес.

Еліміздің географиялық орналасу жағдайын, жел және күн энергиясын пайдалану мүмкіндігін, сондай-ақ мұнай және газ ресурстарының энергетикалық әлеуетін ескерсек, бұл қажеттіліктің орнын толтыруға тамаша мүмкіндік туып отыр. Қазақстанның сағатына 1 трлн кв энергия өндіруге мүмкіндігі бар. Оның үстіне Астана көрмені өткізу құқығын жеңіп алған жағдайда, ЭКСПО-2017 көрме қалашығы толықтай баламалы энергия көздері арқылы жұмыс істеуге көшеді. Мұны көріп-біліп отырған сарапшы мамандар еліміздің мүмкіндіктері мен артықшылықтарын толық мойындауда.

Қорыта келгенде, күннен күнге дамып жатқан заманауи технологияларды тиімді пайдалану үкіметтік деңгейде қолға алынса, біздің дәстүрлі энергия көздеріне тәуелділігімізді айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік туар еді. Сонда біз қоршаған ортаны зиянды қалдықтардан қорғап қана қоймай, көптеген жұмыс орнын құрып, сатып алу қабілеттілігін арттыра аламыз. Сондықтан да біздің Тәуелсіз жас мемлекетіміз үшін EXPO-2017 көрмесін өткізудің маңызы өте зор.





Астана EXPO- 2017

- ▼ **1. Анықтама.** «Астана EXPO- 2017» елдерді достастыру, ауызбірлікке шақыру, инфрақұрылымдарды лайықты деңгейде дамыту.
- ▼ **2. Тану.** EXPO сияқты халықаралық көрмелерге қатысу қай елдің болса да әлеуетін дүниежүзіне паш етуге берілген тамаша мүмкіндік. Оның үстіне, әлем алдында өзіңнің даму деңгейінді іс жүзінде дәлелдей отырып, шараны жоғары жауапкершілікпен өткізу – өте зор құрмет.
- ▼ **3. Ерекшелігі.** Қазақстанның сағатына 1 трлн кв. энергия өндіруге мүмкі
- ▼ **4. Болашағы.** ЭКСПО – 2017 көрме қалашығы толықтай баламалы энергия көздері арқылы жұмыс істеуге көшеді. біздің Тәуелсіз жас мемлекетіміз үшін EXPO – 2017 көрмесін өткізудің маңызы өте зор. Қорыта келгенде, күннен күнге дамып жатқан заманауи технологияларды тиімді пайдалану үкіметтік деңгейде қолға алынса, біздің дәстүрлі энергия көздеріне тәуелділігімізді айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік туар еді.
- ▼ **5. Қорытынды.** Біз қоршаған ортаны зиянды қалдықтардан қорғап қана қоймай, көптеген жұмыс орнын құрып, сатып алу қабілеттілігін арттыра аламыз.
- ▼ **6. Нәтиже.**

Тапсырма:

1. ЭКСПО – 2017 көрмесінің мақсаты?
2. ЭКСПО – 2017 көрмесінен алған әсеріңіз ?
3. ЭКСПО – 2017 көрмесіт уралы пікіріңіз




Дәптермен жұмыс
«Астана EXPO-2017»

1 – тапсырма. ББҮ кестесін толтыру. Қазақстан көрмесі туралы не білетіндеріңізді «Білемін» бағанына, нені білгілеріңіз келетінін «Білгім келеді» және нені үйрендіңіздер «Үйрендім» бағандарына толтырыңыз.

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім

2-тапсырма. «Астана EXPO-2017» кластер жасаңыз





Мәтінді түсініп оқыңыздар.

Су – тіршілік көзі

Сусыз тіршілік жоқ, ол бүкіл тірі жан иесінің бойында бар. Тамақсыз бірнеше күн өмір сүруге болады, ал сусыз сонша уақыт өмір сүру мүмкін емес. Адамның, сондай-ақ көптеген жан-жануарлар денесінің 2/3-сі, ал кейбір өсімдіктердің 4/5-і судан тұрады.

Жер бетінің тек 1/3 құрылық, ал 2/3-сін су алып жатыр. Мұхиттар мен теңіздерді, өзен-көлдерді былай қойғанда, жер астында да, топырақта да су бар. Мұздықтар мен айсбергтер де қатып қалған су болып табылады. Су атмосферада да аз емес, онда ол бұлт, тұман, бу және жаңбыр мен қар түрінде болады.



Сендер қап – қатты мұз да, газдай жеп – жеңіл бу да су болғаны ма деп таң қалатын шығарсындар. Бұл – судың негізгі қасиеті. Ол сұйық, қатты және газ тәрізді үш түрлі күйде кезігеді.

Судың көптеген заттарды оңай ерітетін және бір маңызды қасиеті бар. Әрине, сендер қанттың шайда, ас тұзының сорпада қалай еритінің көріп жүрсіндер. Сонымен қатар су жердегі алуан түрлі тұздар мен басқа да көптеген қатты денелерді, газдарды еріте алады.

Табиғатта қоспасы жоқ, тап-таза су дегенді таппайсың. Таза суды тек лабораторияларда ғана алуға болады. Ондай судың ешбір дәмі жоқ, онда тірі организмге қажетті тұздар да болмайды. Теңіз суының құрамында өте көп мөлшерде еріген тұздар бар, оның ішуге жарамайтыны сондықтан.



Жер шарындағы судың жалпы мөлшері өзгермейді. Теңіздер мен мұхиттардың, өзендер мен көлдердің бетінен су буға айналып, одан бұлт түзіледі. Ол жаңбыр немесе қар, бұршақ болып жерге жауады, яғни қайтадан суға айналады.

Алайда ішуге жарамды таза су Жер бетінде барған сайын азайып бара жатыр. Адамдар суды өнеркәсіп қажетіне көп пайдаланып, оны өндіріс қалдығымен ластауда. Инженерлер суды тазартудың алуан түрлі әдісін ойлап тапты. Елімізде ласталған сулар мен өнеркәсіп қалдықтарын өзен-көлдерге төгуге тыйым салынған. Су – біздің байлығымыз, оған қамқорлықпен қарау әр уақытта естеріңде болсын!



Су – тіршілік көзі

1. Анықтама. Су – сұйық зат. Ол бұлақ, өзен, көл, теңіз, мұхиттарда болады. Аспаннан жауын – шашын түрінде түседі.

2. Тану.

2.1. Мұз бен қар – судың қатты күйі. Күнсуытқан кезде су қатып, мұзға айналады. Өзендер мен көлдердің бетін мұз жабады. Аспандағы бұлттар да мұз қиыршық-тарына айналады. Олар бірігіп қарға айналып, жерге түседі.

2.2. Су буы – бұл судың газ түріндегі күйі. Дымқыл Шүберекпен үстелдің бетін сұрт. Бірнеше минуттан кейін үстелдің беті кеуіп кетеді. Оның бетіндегі су буға айналып, ұшып кетті.

2.3. Қасиеті

3.1. Сұйық күйінде судың пішіні болмайды, оны қандай ыдысқа

құйсаң, соның пішініне ие болады.

3.2. Су түссіз.

3.3. Су мөлдір.

3.4. Суда дәм болмайды.

3.5. Суда иіс жоқ.

3.6. Су сұйық күйінде ағып кетеді.

3.7. Суда еритін және ерімейтін заттар болады.

3.8. Су сұйық, қатты және газ тәрізді

2.4 Табиғаттағы су айналымы. Су буы жоғары көтеріліп, суиды және

су тамшыларына айналады. Осы тамшылардың жиналып бірігуінен бұлт түзіледі. Жел оларды айдайды. Бұлттардан су жаңбыр, қар, ұршақ болып жерге түседі. Судың біразы топыраққа сіңеді, жердің

су өткізбейтін қабатына жиналып, сыртқа бұлақ шығады. Ол өзенге, өзеннен теңізге құйылады.

3. Экологиясы. Жер бетінде тұщы су қоры азайып барады. Бұған кінәлі – адамдардың өзі. Мал фермаларынан, зауыттар мен фабрикалардан шығатын лас сулар өзендер

мен көлдерге құйылып жатыр. Судың ластануынан бүкіл жануарлар зардап шегеді. Суқоймаларындағы өсімдіктер мен жануарлар өледі. Өзен жағалауындаы шөптер, бұталар және ағаштар қурайды. Лас су адам денсаулығына да зиянды. Суды аялай білу керек, өйткені ол – біздің нағыз қазына байлығымыз. Суды қорғау өмір мен денсаулықты, қоршаған ортаның әдемілігі мен байлығын қорғау деп бекер айтылмайды.

4. Маңызы.

Ғалымдар әртүрлі судың құрамын зерттеген. Кейбір судың құрамынан минералды тұздар табылады, мұндай суды минералды су деп атайды. Суды осындай көздерден алып, емдік және ауызсу ретінде сатуға шығарады. Мұндай бұлақтардың суымен адамдар емделеді. Өзен суымен бау-бақшаларды суарады, одан балық аулайды. Өзендер арқылы жүк тасымалданады. Өзен-көлдердің жағалауына адамдар қалалар мен ауылдар салады.

5. Қорытынды. Сусыз тіршілік жоқ, ол бүкіл тірі жан иесінің бойында бар.

6. Нәтиже.

Тапсырма:


1. Судың тіршілік үшін қандай маңызы бар?
2. Жер асты суы қалай пайда болады?



Дәптермен жұмыс

Су- тіршілік көзі

1-тапсырма. Суреттегі тапсырма нені білдіреді?



2-тапсырма. «Су» туралы мақал-мәтелдер жазыңыз



Топырақ – тіршілік ағзасы

Топырақ–өсімдіктердің, жануарлардың (әсіресе микроорганизмдердің), климат жағдайларының және адамдардың әсерімен өзгерген жер бетінің үстінгі борпылдақ қабаты. Топырақ бойында құнарлылық қасиеті, яғни өсімдіктерді сумен, басқа да қоректік элементтермен қамтамасыз ететін қабілеті болады. Механикалық құрамы (топырақ түйіршіктерінің мөлшері) бойынша топырақ құмды, құмдақ сазды және саз топырақ болып бөлінеді. Жасы мен генезисі бойынша: қыртысты күлгін топырақ, батпақты топырақ, ормандық сұр топырақ, қара топырақ, қоңыр топырақ, күрең топырақ, тағы басқалар болып бөлінеді. Топырақтың жер бетінде таралуы зоналық (горизонтальды және вертикальды) заңдылыққа байланысты. Топырақ – литосфераның жоғарғы әуе қабатымен байланысатын қабат, бүкіл биосферадағы тіршіліктің тірегі. Топырақ ғасырлар бойы топырақ түзуші факторлардың үздіксіз әрекетінен пайда болған табиғаттың ерекше табиғи, әрі тарихи денесі.



Топырақ – тіршілік ағзасы

↓ **1. Анықтама.** Топырақ – жердің өсімдік өсетін құнарлы, үстінгі қабаты.

↓ **2. Тану.** Топырақ барлық жерде бірдей емес.

↓ **3. Қасиеті.**

1. Құнарлы топырақтың ең басты қасиеті.

2. Топырақта қарашірік (гумус) бар.

3. Топырақта ауа бар.

4. Топырақта су бар.

5. Топырақта өсімдіктер мен жануарлар қалдықтары бар.

6. Топырақта құм және саз бар.

Топырақтың түрлері

- 1. Сазды топырақ
- 2. Құмайт топырақ
- 3. Шым тезек топырақ
- 4. Органикалық заттар

↓ **4. Экологиясы.** Таулы аудандарда топырақты шайылудан орман жақсы сақтайды. Сонымен бірге тау етегі мен төбелерде жерді беткейге кесе-көлденең жырту арқылы да

сақтық шаралары жүзеге асырылады. Топырақ құнарынан мүлде айырылмауы үшін оны тыңайтады. Ең жақсы тыңайтқыш – көң. Көң қосылған топырақ құнарланып, қопсиды, өсімдік тамырына су мен ауаны жақсы өткізеді.

5. Ерекшелігі. Топырақ тау жыныстарының беткі қабатында ұзақ жылдар ішінде пайда болады. 5-7 см топырақтың пайда болуы үшін 200-ден 2000-ға дейін жыл қажет.

6. Маңызы. Топырақта қарашірік неғұрлым көп болса, соғұрлым топырақ құнарлы болады. Содан даланың қара топырағына егілген дәнді дақылдар мол өнім береді. Қара топырақ біздің республикамыздың солтүстік өңірін алып жатады.

7. Қорытынды: Өсімдік – топырақты бұзылудан сақтауда адамның сенімді көмекшісі. Топырақ биосферадағы тіршіліктің тірегі.

8. Нәтиже.

Тапсырма:

1. Топырақтың түсі неге байланысты?
2. Не үшін топыраққа тыңайтқыштар қосады?



Дәптермен жұмыс

1- тапсырма. Төмендегі сызба бойынша *Топырақ – тіршілік ағзасы* талдау жасаңыз.

↓ 1. Анықтама _____

↓ 2. Тану

↓ 3. Маңызы

↓ 4. Ерекшелігі _____

↓ 5. Қорытынды _____

↓ 6. Нәтиже _____



Дәрумен көзі – жеміс



Жұмбақты шеш

Күн нұрымен піседі,
Уылжып қолға түседі

Жеміс – жидек өсіру Қазақстанда 20-ғасырдың 30-жылдарынан бастап дами түсті. Әуелі аймақтық тәжірибе стансасы ашылып, кейін ол Қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу институтының қарамағына берілді де, 1959 жылы Қазақ жеміс және жүзім шаруашылығы ғылыми зерттеу институты құрылды. Ол шығарған он беске жуық жеміс-жидек сорттары еліміздің әр түрлі аумақтарында аудандастырылды. Жеміс дақылдары негізінен, биологиялық (ботаникалық тегі) формалары жағынан мынандай топтарға бөлінеді: ағаштар (грек жаңғағы, алмұрт, қызыл шие, алманың кейбір сорттары), бұталар (қарақат, тұшала т.б.), жартылай бұталар (таңқурай, т.б.), лиандар (актинидия, жүзім, т.б.). Жемісінің құрылысына және биологиялық ерекшеліктеріне қарай шекілдеуікті (алма, алмұрт, беке, т.б.), сүйекті (шие, алхоры, өрік, шабдалы, т.б.), жидекті (қара және қызыл қарақат, таңқурай, бүлдірген, т.б.), жаңғақты (грек жаңғағы, орман жаңғағы, т.б.), шырын жемісті (апельсин, лимон, мандарин, т.б.), субтропиктік (анар, інжір, құрма, т.б.), тропиктік (банан, ананас, т.б.) болып бөлінеді. Қазақстандағы жеміс дақылының 95 пайызын раушан гүлділер тұқымдасы.

Жеміс – құрғақ жеміс, шырынды жұмсақ жеміс деп бөлінеді. Құрғақ жемістің көп тұқымды, қақырап ашылатыны: бұршақ, бұршақын, т.б. Бір тұқымды, қақырап ашылмайтыны: жаңғақ, жаңғақша, тұқымша, дәнек. Шырынды жемістің көп тұқымды түрі: жидек, асқабақ, алма, т.б., бір тұқымды түрі: сүйекті жеміс. Жемісқаптың сыртқы қабаты (экзо карпий) жылтыры: шие, алма, балауыздысы: жүзім, алхоры, шомыр, түктісі: шабдалы, жұмсағы: өрік, қыртыстысы: тұшала, қалыңы: лимон, апельсин, қаттысы: жаңғақ. Жер бетінде алма, алмұрт, анар, шабдалы, өрік, алхорының өсіріліп келе жатқанына 4 мың жылдан асты. Алма. Адамдардың тамаққа қолданатын жемістерінің 4/5 – бөлігі – алмалар. Оны ежелден ем – дәмдік тағам ретінде және ас қорытуы



бұзылуын реттейтін амал ретінде қолданған. Дәрумен жетіспегенде, безгекке қарсы да жеген. Алма тәнге күш беріп, ағзаның аурулармен күресуіне көмектеседі. Алмұрт. Оның шырыны несепті айдау үшін өте пайдалы. Алмұрт шырынын қуыққа тас байланғанда да ішеді. Алмұрттың шырыны мен тұндырмасы несептің бөлінуін күшейтіп қана қоймай, түсін де ашып, бактерияларды жоюға әсер етеді. Оның азықтық, шипалық қасиеті мол. Алмаға қарағанда, алмұртта жасауық мөлшері көбірек, сол себепті тәнге баяу сіңеді.

Өрік

Оны «денсаулық жемісі» деп атайды. Құрамында органикалық қышқылдар, нектин, хош иісті заттар, минералды тұздар (калий,) натрий, кальций, т.б. және коротин бар. Ең тәтті әрі пайдалысы – кептірілген жемістер. Оның ішінде өзгелеріне қарағанда құрамында дәрумендері мол болатыны кепкен өрік. Оның құрамында калий бар. Ал, калий жүрек қағысын тұрақтандырады, жүйке ауруларын емдей алады.



Жүзім



Оның жас тамырын (30 г) 2 литр суға салып қайнатып, шашты жуса, қайызғақты кетіреді, құйқа терісі тазарады, шаш жақсы өседі. Көктемде сабағын кесіп, шырынын бетке жағып, ондағы қара дақтар мен секпілді кетіреді. Шырынын мол етіп жинап, күніне 3 рет ішсе (бір шай қасықпен), бауырды жазады, оның күіп, сыздағанын басады. Ұзынша келген ақ жүзім бауыр, көк бауырды жазып, қан қысымын төмендетеді. Буынына суық тигенде қара жүзімді жиі жеген жөн. Жүзім қатерлі ісіктен қорғау қасиетіне ие. Онымен қан азаю сырқатын да емдейді. Қара жүзім шырыны қан бөгелуін болдырмауға шипалы. Жүрек шаншып ауырғанда сары мейізді ет тартқыштан өткізіп, балға араластырып, күніне 3 рет шай қасықтан жейді. Түстен кейін қос уыс жүзім жеу немесе жүзімнің бір кесе таза сығынды шырынын ішу денеге де, ми жасушаларына да жақсы әсер етеді. Қара жүзім шырынының жүрек ауруларына қарсы антикансерогендік ықпалы күшті. Жүзім – сүйек еруіне қарсы қорғаушы. Қара өрік пен алмұрт, інжір мен құрма адам ағзасының зат алмасуын реттейді. Адамға сергектік сыйлайды. Бұлшық еттердің қозғалысы мен мидың жақсы жұмыс жасауын қамтамасыз етеді. Бұл

жемістердің 100 граммының адам ағзасына тәулік ішінде қажетті дәрумендерінің жиынтығы бар.

Білгенге маржан

Мамандардың айтуынша, мұздатылған азық-түлік құрамында минералдық заттар мен дәрумендерөте жақсы сақталады. Кептірілген өнім құрамында С дәрумені – 70-80, консервіленгенінде 40, ал мұздатқышта сақталғанында бар болғаны 20 пайызға аздады екен. Сол себепті оларды тоңазытқышта сақтаған абзал. Тек есте сақтайтын бір жайт-мұздатылған өнімді екінші қайтара қатыруға болмайды. Мұндайда ол адам денсаулығына қажетті дәрумендерді тез жоғалтады екен.



Дәрумен көзі – жеміс

1. Анықтама. Жеміс – Күн нұрымен пісетін, сырқаттан сауықтырып, жаныңды жасартатын, адам ағзасына пайдалы дәруменге бай өсімдік.

2. Тану

2.1. Биологиялық тегінің

- 1. ағаштар → алмұрт, алма, шие, жаңғақ
- 2. Бұталар → қарақат, тұшала, т.б.
- 3. жартылай бұталар → жүзім, актинидия

топтары

4. 95% раушан гүлділер тұқымдасы

2.2. Жеке түрлері.

- жылтыры → шие, алма
- Балауыздысы → жүзім, алхоры, шомыр
- түктісі → шабдалы
- жұмсағы → өрік
- Қыртыстысы → тұшала
- Қалыңы → лимон, апельсин
- Қаттысы → жаңғақ

2.3. Құрылысына қарай

- шекілдеуікті → алма, алмұрт, беке, т.б.
- сүйекті → шие, алхоры, өрік, шабдалы, т.б.
- жидекті → кара, қызылқарақат, таңқурай, бұлдірген, т.б.
- жаңғақты → грек, орман жаңғағы, т.б.
- шырын жемісті → апельсин, лимон, мандарин, т.б.
- субтропиктік → анар, інжір, құрма, т.б.
- тропиктік → банан, ананас, т.б.

↓

3. Маңызы. Алма тәнге күш беріп, ағзаның әртүрлі аурулармен күресуіне көмектеседі. Алмұрт шырыны несепті айдау үшін өте пайдалы. Алмұрт шырынын қуыққа тас байланғанда да ішеді. Өрікті «денсаулық жемісі» ий, т.б. және коротин бар. Қара жүзім шырынының жүрек ауруларына қарсы антикансерогендік ықпалы күшті. Жүзім – сүйек еруіне қарсы қорғаушы.

Қара өрік пен алмұрт, інжір мен құрма адам ағзасының зат алмасуын реттейді. Адамға сергектік сыйлайды. Бұлшық еттердің қозғалысы мен мидың жақсы жұмыс жасауын қамтамасыз етеді. Бұл жемістердің 100 граммының адам ағзасына тәулік ішінде қажетті дәрумендерінің жиынтығы бар.

4. Қорытынды: Жер бетінде алма, алмұрт, анар, шабдалы, өрік, алхорының өсіріліп келе жатқанына 4 мың жылдан асты. Мамандардың айтуынша, мұздатылған азық-түлік құрамында минералдық заттар мен дәрумендер өте жақсы сақталады. Кептірілген өнім құрамында С дәрумені – 70-80, консервіленгенінде 40, ал мұздатқышта сақталғанында бар болғаны 20 пайызға азайды екен. Сол себепті оларды тоңазытқышта сақтаған абзал. Тек есте сақтайтын бір жайт-мұздатылған өнімді екінші қайтара қатыруға болмайды. Мұндайда ол адам денсаулығына қажетті дәрумендерді тез жоғалтады екен.

5. Нәтиже. Тамыз айында жеміс- жидек балбырап піседі. Осы кезде оның қызығын: дәмін, нәрін, шырынын бойына сіңіретіндердің дені сау бала болуы тиіс.

Дәрумендер- денсаулық кепілі

Сұрақтар мен тапсырмалар.

1. Қазақстанда жеміс- жидек өсіру қай жылдардан бастап дамыды?
2. Жеміс дақылдары негізінен, биологиялық (ботаникалық тегі) формалары жағынан қандай топтарға бөлінеді?
3. Жемісінің құрылысына және биологиялық ерекшеліктеріне қарай бөлінуін дәптеріңізге жазыңыз.
4. Жемістің пайдасы туралы не білесіздер?



Дәптермен жұмыс



Таза ауа – жанға дауа



Әр адам тәулігіне бірнеше мың литр ауа жұтады. Адуаның құрамындағы оттегі алдымен өкпеге барады. Одан қанға сіңіп, бүкіл ағзаға тарайды. Өкпе бейне сүзгі сияқты ауа құрамында түтін, шаң-тозаң болса, тұтып қалады.

Адамға тыныстау үшін таза ауа қажет. Орман ішінде, теңіз немесе өзен мен көл жағалауларында ауа таза болады. Ал елді қоныстарда ауаға адамның денсаулығына зиянды түрлі қоспалар араласып жүреді. Әсіресе, өндірісті қалаларда ауа көп ластанады. Фабрика, завод, жылу орталықтарының мұржасынан будақтап шығып жалтқан қара көк түтінді көргендерің бар болар. Түтінмен қоса өте майда күл, шаң- тозаң ауаға көтеріледі. Ауаның тазалығын сақтау үшін ірі кәсіпорындардың мұржаларына ыс, шаң-тозаң, түрлі улы газдарды тұтатын қондырғылар орнатылады. Ірі қалалардағы ауаның ластануының тағы бір көзі-автомашиналар. Бензинмен жүретін көліктер көп мөлшерде улы заттарды бөліп шығарады. Автоинспекторлар машиналардан бөлініп шығатын газды тексеріп тұрады. Олар газ құрамындағы зиянды заттар белгілі бір мөлшерден аспауын қадағалайды. Қаладағы ауаның таза болуына бензинмен жүретін көлік түрлерін электр қуатымен жүретін көлікпен ауыстыру үлкен себін тигізеді.

Айналадағы ауаның тазалығын сақтауда көгалдандырудың маңызы зор. Өсімдік ауаның құрамындағы көмір қышқыл газын жұтып, оның орнына көп мөлшерде оттегін бөліп шығарады.

Сондықтан көше бойлай ағаш отырғызу, гүлзарлар жасау, демалыс бақтарының көлемін кеңейту ауаның тазалығын сақтаудың бір жолы болып табылады. Бұл іске мектеп оқушылары тиісті үлесін қоса алады.



Ауа

1. Анықтама. Ауа – Жер шарын тегіс қоршаған қабат. Ол көзге көрінбейді.

2. Тану.

2.1. Ауаның құрамы газдардың қоспасы. Ол газдардың ішінде оттегі, көмір қышқыл газы бар. Оттегімен біз тыныс аламыз.

2.2. Қасиеті. а). көзге көрінбейді

ә). түссіз

б). иіссіз

в). Дәмсіз

3 Ерекшелігі. Ауа бос кеңістікте түрлі саңылаулар мен жарықтардың бәрінде бар. Кез келген заттың бойында ауа бар. Оны біз бірнеше тәжірибе жасап байқап көрелік.

1- тәжірибе. Бір стақан суға бір түйір қант сал. Судың бетінде ауа көпіршіктерінің шыққанын көреміз. Себебі, қант түйірінде ауа бар.

2 - тәжірибе. Ішінде су құйылған ыдысқа стақанды төңкереміз. Стақанға су кірмейді. Себебі, стақанның ішінде ауа бар, ол орын алып тұр.

4. Маңызы. Ауа – тіршілік көзі. Ауа қабаты жерді күн сәулесінен өте ысып кетуден және ғарыштық суықтан сақтайды.

5. Экологиясы. Адамға тыныстану үшін таза ауа қажет. Ал жер бетіндегі ауа құрамында адамның денсаулығына зиянды түрлі қоспалар араласып жүреді. Әсіресе, өндірісте ауа көп ластанады. Автокөліктермен фабрика, зауыттардан үшін ірі шығатын көк түтін ауаны ластайды. Ауаның тазалығын сақтау кәсіпорындардың мұржаларына ыс, шаң- тозаң, түрлі улы газдарды тұтатын қондырғылар орнатылды. Айналаны көгалдандыру, ауаны тазартуды бірден бір маңызды жолы.

7. Қорытынды. *Таза ауа – саулық кепілі*

Таза ауа денсаулыққа пайдалы

8. Нәтиже

Сұрақтар мен тапсырмалар.

1. Ауа қандай жолдармен ластанады?

2. Елді қоныстарда ауаның тазалығын сақтау үшін қандай шаралар жүзеге асырылады?

3. Сендер тұратын жерлеріңдегі ауаның жағдайы қандай?

4. Табиғат аясына шыққанда алған әсерлерің туралы айтыңыздар



Дәптермен жұмыс



Туған өлкенің өсімдіктері мен жануарлары

Қала тұрғындарының өмір сүруіне қолайлы аймақ қалыптастыру,



көгалдандыру және экологиялық тепе-теңдікті сақтап қалуға бағытталуы керек. Астана маңындағы жасыл белдеу алқабы жиырма жыл аралығында 75,1 мың гектарға дейін ұлғайды. Астананың 20 жылдығына орай, 2020 жылға дейін жасыл аймақтың аумағын 100 мың гектарға дейін жеткізу жоспарланып отыр.

Елорданың жасыл желегін қалыптастыру мақсатында қазіргі таңда

80 млн-нан астам көшет егілген. Онда ағаш пен бұталардың 26 астам түрі: кәдімгі қарағай, қотыр қайың, шегіршін, жіңішке жапырақты жиде, қазақстандық терек, ақтал, сібір алма ағашы, шаған жапырақты үйеңкі, қара үйеңкі, жасыл шаған, сарғылт қарақат, татар ұшқаты, дөңгелек жапырақты ырғай, ақ қарағаны және тағы басқалары бар. Жасыл желекке оранған аймақ қаланың



шаңы мен желіне тосқауыл болып келеді. Сондай-ақ, ағашты-бұталы өсімдіктер жауын-шашын мөлшерін реттейді, атмосфераны оттегімен байытып, таза ауаның резервуарын қалыптастырады.

Топырақ жамылғысын жел және су эрозияларынан, ал су көздерін құрғақтықтан және ластанудан қорғайды. Қаланың бір гектарлық жас



көшеттері күніне 200 кг оттегі шығарады. Ағаштар өсу мерзімі кезінде ауаның шаңдануын 42 пайызға, ал жапырақсыз кезеңде – 37 пайызға азайтады.

Бүгінгі таңда алқапта 118 түрлі ағашты-бұталы тоғайлар кездеседі. Астананың жасыл белдеуін құру арқылы флора мен фаунаның түрлерінің таралуына септігін тигізіп келеді. Мәселен, плантацияда қоян, түлкі, бұғы, марал, бұлан, елік, суыр, ондатр секілді аңдар мекендейді. Ал құстардан балқарағай торғайы, сұр шіл, сұр сандуғаш, көк қарға, шикылдақ, мәскеу торғайы кеңінен таралған. Орманға әр жыл сайын 150 қырғауыл жіберу дәстүрге айналған.

Туризмді дамыту мақсатында жасыл белдеудің аумағында 3 гектарлық сафари-бақ ашылды. Онда 13 марал мен америкалық кербұғы тіршілік етеді. Алдағы жоспарда сафари-бақтың ауқымын 300 гектарға дейін үлкейтіп, жабайы жануарлардың саны мен түр-түрін кеңейту көзделген.

Орманы бардың қорғаны бар.



Өсімдіктері мен жануарлар

1. Анықтама. Астана – жасыл желек жамылған шаһар.

2. Тану. Қала тұрғындарының өмір сүруіне қолайлы аймақ қалыптастыру, көгалдандыру және экологиялық тепе-теңдікті сақтап қалуға бағытталуы керек.

3. Өсімдіктердің түрлері: ағаш пен бұталардың 26 астам түрі: кәдімгі қарағай, қотыр қайың, шегіршін, жіңішке жапырақты жиде, қазақстандық терек, ақтал, сібір алма ағашы, шаған жапырақты үйеңкі, қара үйеңкі, жасыл шаған, сарғылт қарақат, татар ұшқаты, дөңгелек жапырақты ырғай, ақ қарағаны және тағы басқалары бар.

4. Жануарлардың түрлері: қоян, түлкі, бұғы, марал, бұлан, елік, суыр, ондатр секілді аңдар мекендейді. Ал құстардан балқарағай торғайы, сұр шіл, сұр сандуғаш, көк қарға, шикылдақ, мәскеу торғайы кеңінен таралған. Орманға әр жыл сайын 150 қырғауыл жіберу дәстүрге айналған.

5. Экологиясы. Қаланың бір гектарлық жас көшеттері күніне 200 кг оттегі шығарады. Ағаштар өсу мерзімі кезінде ауаның шаңдануын 42 пайызға, ал жапырақсыз кезеңде – 37 пайызға азайтады. Сондай-ақ, ағашты-бұталы өсімдіктер жауын-

шашын мөлшерін реттейді, атмосфераны оттегімен байытып, таза ауаның резервуарын қалыптастырады. Топырақ жамылғысын жел және су эрозияларынан, ал су көздерін құрғақтықтан және ластанудан қорғайды.

6.Болашағы.Алдағы жоспарда сафари-бақтың ауқымын 300 гектарға дейін үлкейтіп, жабайы жануарлардың саны мен түр-түрін кеңейту көзделген

7. Қорытынды. Туризмді дамыту мақсатында жасыл белдеудің аумағында 3 гектарлық сафари-бақ ашылды. Онда 13 марал мен америкалық кербұғы тіршілік етеді

8. Нәтиже. Орманы бардың қорғаны бар.



Дәптермен жұмыс

1– тапсырма. Төмендегі сызба бойынша *Өсімдіктері мен жануарлар* талдау жасаңыз.

1. Анықтама _____

2. Тану _____

3. Өсімдіктің түрлері _____

4. Жануарлардың түрлері _____

5. Экологиясы _____

6. Болашағы _____

7. Қорытынды _____

8. Нәтиже _____



Есіл өзені

Қазақстанның Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары және Ресейдің Түмен, Омбы облыстары жерімен ағады. *Есіл өзені* — Сарыарқада биіктігі 400 – 500 метр Ниаз тауынан басталып, Батыс Сібірге жеткенде Ертіске құяды. Жалпы ұзындығы 2450 км.

Қазақстан территориясында Есілдің ұзындығы 1400 километр. Дүние жүзінде екінші реттегі ең ұзын сала саналады. Су жиналатын алабы 177 мың км². Негізінен қар суымен (80%-дайы) толығады. Көктемде су деңгейі көтеріліп (ең жоғарғы деңгейі сәуірдің үшінші онкүндігінде байқалады), су тасқыны болып тұрады. Шілденің ортасында су деңгейі төмендеп, үшінші онкүндігінің басында сабасына түседі. Мұз қату қарашаның екінші жартысында басталады да оның ұзақтығы 5 айға созылады.



Есіл минералдылығы жоғары өзендерге жатады. Оған негізгі себеп - оның су жинайтын алабының құрғақ өңірде жатуынан және жер асты суларының тұздылығы саналады. Суы кермек татиды. Егер ұзындығы жағынан Дон өзенімен қатарласса, су шығыны Доннан алты есе кем.

Есіл өзені Целиноград және Солтүстік Қазақстан облыстарын басып өтеді. Өзеннің су жиналатын алқабы 144 мың шаршы километр, ал республикамыздағы аумағы 113 шаршы километр. Есілге Колутон, Терісаққан, Аққанбурлық және Төменгібурлық өзендері қосылады.

Есіл жазықтық өзеніне жатады, сондықтан оның шығыны қар, жер асты суы және жауын – шашынмен толығып отырады. Олай болса, су шығыны ауа райына байланысты – кей жылдары мол, кей жылдары өте аз болады. Есіл өзенінің бойында Есіл, Сергиев, Осакаров және тағы басқа су қоймалары бар. Сергиев су қоймасы суды совхоз колхоздарға құбырлар арқылы жеткізеді. Сонда көптеген совхоз бен колхоздарды сумен қамтамасыз етіп, қосымша 40 мың гектар жерді суландырады



Есіл өзені

1.Анықтама. Өзеннің бастауы Қазақстанның Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары және Ресейдің Түмен, Омбы облыстары жерімен ағады.

Есіл өзені — Сарыарқада биіктігі 400 – 500 метр Ниаз тауынан басталып, Батыс Сібірге жеткенде Ертіске құяды.

2.Тану.

Есіл өзені Целиноград және Солтүстік Қазақстан облыстарын басып өтеді. Жалпы ұзындығы 2450км.

Қазақстан территориясында

Есілдің ұзындығы 1400 километр. Дүние жүзінде екінші реттегі ең ұзын сала болып саналады.

3.Қасиеті. Есіл минералдылығы жоғары өзендерге жатады. Оған негізгі себеп - оның су жинайтын алабының құрғақ өңірде жатуынан және жер асты суларының тұздылығы саналады. Суы кермек татиды.

4.Өзеннің режимі . Су жиналатын алабы 177 мың км². Негізінен қар суымен (80%-дайы) толығыады. Көктемде су деңгейі көтеріліп (ең жоғарғы деңгейі сәуірдің үшінші онкүндігінде байқалады), су тасқыны болып тұрады. Шілденің ортасында су деңгейі төмендеп, үшінші онкүндігінің басында сабасына түседі. Мұз қату қарашаның екінші жартысында басталады да оның ұзақтығы 5 айға созылады.

5. Салыстыру. Егер ұзындығы жағынан Дон өзенімен қатарласса, су шығыны Доннан алты есе кем

6. Өзеннің қоректенуі. Есіл жазықтық өзеніне жатады, сондықтан оның шығыны қар, жер асты суы және жауын – шашынмен толығып отырады. Олай болса,су шығыны ауа райына байланысты – кей жылдары мол, кей жылдары өте аз болады.

7.Қорытынды. Есіл өзенінің бойында Есіл, Сергиев, Осакаров және тағы басқа су қоймалары бар.

Сергиев су қоймасы суды совхоз – колхоздарға құбырлар арқылы жеткізеді. Сонда көптеген совхоз бен колхоздарды сумен қамтамасыз етіп, қосымша 40 мың гектар жерді суландырады.

8.Нәтиже. Өзен талымен көрікті
Өріс малымен көрікті.

Арқар —
Құлжасымен,

Өзен –
Жылғасымен.



Қатынас жолдары

Көлік қатынасы-бұл жылжымалы құрамның қозғалысына негізделіп, құрылғылармен жабдықталған, әрі жүктер мен жолаушыларды тасымалдауға арналған автомобильдік жолдар, теміржолдар мен өзен-су жолдары, әуе, құбыржолдар, монорельсті және арқан жолдар, арнайы магистральдар.

Жылжымалы құрам-бұл локомотивтер, вагондар, самолеттер, вертолеттер, дирижабльдер, автомобильдер, тіркемелер, көлік тракторлары, тасымалдау капсулалары.

Техникалық құралдар мен механизмдер – бұл тиіп-түсіру машиналары, конвейерлер, бункерлер және т.б.

Басқару және байланыс құралдары – бұл ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және жіберуді қамтамасыз ететін құрылғылар кешені.

Барлық көлік түрінің жайластырымы-теміржол станциялары, вокзалдар, аэропорттар, тұрақтар, қоймалар, гараждар, жөндеу шеберханалары мен зауыттар, тиіп-түсіру пункттері, техникалық қызмет көрсету станциялары.

Тасымалдау көлемі– тасымалдауға жоспарланған немесе тасымалданып қойған жүктің тоннасының саны.

Жүк айналымы – бұл тасымалдауды жоспарлау мен орындауға кеткен тасымалдау жұмысының көрсеткіші.

Астана Орталық Қазақстандағы автомобиль, әуе, теміржол жолдарының ірі торабы болып табылады. Көлік қатынасы жағынан жүктің және жолаушылар тасымалының негізгі көлемін қамтамасыз ететін автомобиль көлігі басты рөл атқарады. Қала тасымал жолының жалпы ұзындығы 2220 шақырымға жуық, 57 қалалық маршруттар бар, бес мамандандырылған таксомотор компаниялары қызмет көрсетеді, олар: «Экипаж» «Виразж» «Тұлпар мен Сантана» және «Бозжорға» серіктестіктері.

Темір жол көлігі – көлік кешенінің жетекші саласы, жүктер мен жолаушыларды алыс қашықтыққа тасымалдайтын басты қатынас құралы.

Темір жол көлігі локомотивтер мен вагондардан тұратын, арнайы реліс жол арқылы тасымалдауға арналған көлік түрі болып табылады.

Теміржол Астананы елдің барлық аймақтарымен және Ресей арқылы жақын алыс шет елдермен байланыстырады. Вокзал мен жүк жолаушылар мен жүк тасымалы іске асырылды. 2003 жылдан бастап Астана– Алматы бағытында «Тұлпар» жүйрік пойызы қатынайтын болды. Астана әуежайы



заманауи талаптарға, әлемдік стандартқа сай жабдықталған кешен. Бұл оның ауа райының қандай жағдайда болмасын әуе кемелерінің барлық түрін қабылдауына мүмкіндік береді. Астана біртіндеп мегополис шаһарға айналууда. Жыл өткен сайын түрленіп, көркейіп келеді.



Бүгінгі таңда Астана көшелерінде «Ivesco» маркалы 300-ге жуық жаңа автобус жолаушыларға қызмет көрсетуде. Күз айының соңына дейін 58 жол көлігі қатарға қосылды. Бұл автобустар халықаралық стандарттарға жауап беретінін айта кеткен абзал.

Жолаушыларды тасымалдайтын аталмыш көліктер лимит бақылау жүйесімен жабдықталған, бейнекамералар орнатылып, автобустың ішінде жүргіншілерге ақпарат тарату мақсатында TFT-табло орнатылса, сыртында LED-табло бар. Мүмкіндігі шектеулі жандар мен бесікарба жетелеген аналарға ыңғайлы болу үшін автобустарға кіретін есіктің төменгі жағында жылжымалы пандусы да бар. Бұл жолаушылар үшін қолайлы әрі ыңғайлы. Мұнда жолаушылар жол ақысын электронды жүйемен төлейді.

Темір жол көлігі – көлік кешенінің жетекші саласы, жүктер мен жолаушыларды алыс қашықтыққа тасымалдайтын басты қатынас құралы. Темір жол көлігі локомотивтер мен вагондардан тұратын, арнайы реліс жол арқылы тасымалдауға арналған көлік түрі болып табылады.

Әуе көлігі тасымалы – уақытты үнемдеу, бұл дегеніміз қажеттілік.

Теңіз көлігі тасымалын немесе тағы басқа тасымал түрлерін пайдаланып, сіз Өнімді бір елден екіншісіне жеткізуге 1 айдан 5 айға дейінгі уақытты шығындауыңыз мүмкін. Ал әуе көлігімен жүк тасымалдауды пайдалансаңыз, оған бар-жоғы 2 сағаттан 10 сағатқа дейінгі уақыт жұмсалады. Уақыт едәуір үнемделеді, солай емес пе? Ал бағасының айырмасы оншалықты көп емес.



Тау басында кібіт көрдім,

Оны ашатын кілт көрдім.

Екі басты жүйрікті,

Ортасына мініп көрдім. (Көлік)




Қатынас жолдары

▼ **1. Анықтама.** *Көлік қатынасы* – бұл жылжымалы құрамның қозғалысына негізделіп, құрылғылармен жабдықталған, әрі жүктер мен жолаушыларды тасымалдауға арналған автомобильдік жолдар, теміржолдар мен өзен-су жолдары, әуе, құбыржолдар, монорельсті және арқан жолдар, арнайы магистральдар.

2. Тану.

2.1.

Көлік түрлері



2.2 Нұр-Сұлтан Орталық Қазақстандағы автомобиль, әуе, теміржол жолдарының ірі торабы болып табылады. Көлік қатынасы жағынан жүктің және жолаушылар тасымалының негізгі көлемін қамтамасыз ететін автомобиль көлігі басты рөл атқарады.

2.3. Темір жол көлігі – көлік кешенінің жетекші саласы, жүктер мен жолаушыларды алыс қашықтыққа тасымалдайтын басты қатынас құралы. Темір жол көлігі локомотивтер мен вагондардан тұратын, арнайы реліс жол арқылы тасымалдауға арналған көлік түрі болып табылады

2.4. Әуе көлігі тасымалы – уақытты үнемдеу, бұл дегеніміз қажеттілік. Теңіз көлігі тасымалын немесе тағы басқа тасымал түрлерін пайдаланып, сіз өнімді бір елден екіншісіне жеткізуге 1 айдан 5 айға дейінгі уақытты шығындауыңыз мүмкін. Ал әуе көлігімен жүк тасымалдауды пайдалансаңыз, оған бар-жоғы 2 сағаттан 10 сағатқа дейінгі уақыт жұмсалады. Уақыт едәуір үнемделеді.

▼ **3. Қасиеті.** Жолаушыларды тасымалдайтын аталмыш көліктер лимит бақылау жүйесімен жабдықталған, бейнекамералар орнатылып, автобустың ішінде жүргіншілерге ақпарат тарату мақсатында TFT-табло орнатылса, сыртында LED-табло бар.

Мүмкіндігі шектеулі жандар мен бесікарба жетелеген аналарға ыңғайлы болу үшін автобустарға кіретін есіктің төменгі жағында жылжымалы пандусы да бар. Бұл жолаушылар үшін қолайлы әрі ыңғайлы. Мұнда жолаушылар жол ақысын электронды жүйемен төлейді.

3.1. Жылжымалы құрам – бұл локомотивтер, вагондар, самолеттер, вертолеттер, дирижабльдер, автомобильдер, тіркемелер, көлік тракторлары, тасымалдау қапсулалары.

3.2. **Техникалық құралдар мен механизмдер** – бұл тиіп-түсіру машиналары, конвейерлер, бункерлер және т.б.

3.3. **Басқару және байланыс құралдары** – бұл ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және жіберуді қамтамасыз ететін құрылғылар кешені.

3.4. **Тасымалдау көлемі**– тасымалдауға жоспарланған немесе тасымалданып қойған жүктің тоннасының саны.

3.5. **Жүк айналымы** – бұл тасымалдауды жоспарлау мен орындауға кеткен тасымалдау жұмысының көрсеткіші.

4. Қорытынды. Қала тасымал жолының жалпы ұзындығы 2220 шақырымға жуық, 57 қалалық маршруттар бар, бес мамандандырылған таксомотор компаниялары қызмет көрсетеді.

Тау басында кібіт көрдім ,

Оны ашатын кілт көрдім.

Екі басты жүйрік-ті,

Ортасына мініп көрдім. (Көлік)

5.Нәтиже. Шөлде жүрген шөл таныр,
Жолда жүрген жол таныр.



Дәптермен жұмыс

1– тапсырма. Төмендегі сызба бойынша **Қатынас жолдары** талдау жасаңыз.

↓	1. Анықтама _____
↓	_____
↓	2. Тану
↓	_____
↓	_____
↓	3. Қасиеті _____
↓	_____
↓	_____
↓	4. Қорытынды _____
↓	_____
↓	_____
↓	5. Нәтиже _____
↓	_____



Жел

Жер бетіндегі ауа үздіксіз қозғалыста болады. Жылыған ауа жоғары көтеріліп, оның орнына салқын ауа төмен түседі. Ауа бір жерден екінші жерге ауысып, салқын немесе жылу алып барады. Жер бетіндегі ауаның горизонталь бағытта бір жерден екінші жерге ауысуын *жел* деп атайды.

Желдің пайда болуының негізгі себебі – ауа қысымының жер бетінде әркелкі таралуы. Жер бетінің кез келген бір бөлігінде қысым жоғарыласа, ол жердегі ауа қысымы төмен жаққа қарай ауыса бастайды, яғни жел соғады.

Жел бағытын оның соғып тұрған жағының бағытымен анықтайды. Осыған сәйкес, көкжиектің 8 негізгі бағытын (румб) ажыратады: солтүстік (С), солтүстік-шығыс (СШ), шығыс (Ш), оңтүстік-шығыс (ОШ), оңтүстік (О), оңтүстік-батыс (ОБ), батыс (Б), солтүстік-батыс (СБ).

Желдің жылдамдығы (күші) түрліше болады. Оны секундына метр есебімен есептейді (қысқаша м/сек.)

Жел бағытын анықтайтын құралды желбағар (флюгер) деп аталатын құралмен анықтайды.

Жел қалай пайда болады? Осы сұрақтың төңірегінде қаншама адамның бас ауырттары сөзсіз. Өйткені, жел атаулы бір немесе екі күннің еншісіндегі дүние емес. Күні-түні далада жүрсек те, үйде жүрсек те жел атаулының жақын екенін сезінеміз. **Біздің басты сұрағымыз: жел неге соғады?** Жел де су сияқты, яғни *кез келген толмай тұрған ортаға барып* жиналады. Температурасы жоғары жер мен төмен жердің ортасында жел пайда болады. Ал неге бір бағытта соқпайды деп сұрасаңыз, оның да жауабы аса қиын емес. Жердің үнемі айналып тұратынын ескерсек, онда жел де өздігінен осы тартылысқа бағынатынын ескеріңіз.

Желді зерттеудің маңызы. Адам желдің күшін өте ерте заманнан бері пайдаланып келеді. Жел айдаған желкенді кемелердің арқасында бүкіл Жер шарындағы құрлықтар мен мұхиттар ашылды. Желдің күшімен жел диірмендердің қалағы айналдырылды. Қазіргі кезде жел қозғағыштар жер астынан су тартады, электр қуатын өндіреді. Жел – сарқылмайтын қуат көзі. Оны «көгілдір отын» деп босқа атамаған. Себебі, ғалымдар жел жыл сайын бүкіл дүние жүзінде жағылатын көмірден үш есе артық қуат бере алатынын есептеп шығарған.

Жел – жер бетіндегі су айналымының негізгі қозғаушы күші.

Осымен бірге желдің зиянды әрекеті де жетерлік. Жер шарының түрлі аймақтарында жыл сайын көптеген сұрапыл апатты дауылдар өтіп жатады. Олар үйлерді қиратады, электр желілерін үзеді, жол қатынасын тоқтатады, су тасқынын тудырады, көптеген адамдардың өмірін қиып кетеді. Сол сияқты желдің халық шаруашылығына зияны да бар. Мұндай



апаттардан сақтану үшін алдын ала зерттеу жұмыстарын жүргізіп отыру қажет.



Жел

1. Анықтама. Жер бетіндегі ауаның горизонталь бағытта қозғалуы *жел* деп аталады .

2. Тану.

2.1. Желдің пайда болуының негізгі себебі – ауа қысымының жер бетінде әркелкі таралуы. Жер бетінің кез келген бір бөлігінде қысым жоғарыласа, ол жердегі ауа қысымы төмен жаққа қарай ауыса бастайды, яғни жел соғады.

2.2. Желдің бағытын өлшейтін құрал-*флюгер* деп аталады.

3. Ерекшелігі. Жел де су сияқты, яғни *кез келген толмай тұрған ортаға барып* жиналады. Температурасы жоғары жер мен төмен жердің ортасында жел пайда болады. Жердің үнемі айналып тұратынын ескерсек, онда жел де өздігінен осы тартылысқа бағынатынын ескереміз.

4. Салыстыру.

Пайдасы	Зияны
Жел айдаған желкенді кемелердің арқасында бүкіл Жер шарындағы құрлықтар мен мұхиттар ашылды. Желдің күшімен жел диірмендердің қалағы айналдырылды. Қазіргі кезде жел қозғағыштар жер астынан су тартады, электр қуатын өндіреді. Жел – сарқылмайтын қуат көзі.	Жер шарының түрлі аймақтарында жыл сайын көптеген сұрапыл апатты дауылдар өтіп жатады. Олар үйлерді қиратады, электр желілерін үзеді, жол қатынасын тоқтатады, су тасқынын тудырады, көптеген адамдардың өмірін қиып кетеді. Мұндай апаттардан сақтану үшін алдын ала зерттеу жұмыстарын жүргізіп отыру қажет. Сол сияқты желдің халық шаруашылығына зияны да бар.

5. Қорытынды. Біз желді көрмейміз, ұстай алмаймыз, бірақ естиміз
Қатты жел тұрғанда.

Жел улейді у-у-у

Құйын келіп билейді зу-зу-зу

Қатты-қатты жел соқты гу-гу-гу

Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.

6. Нәтиже.

Сұрақтар мен тапсырма:

Ауаның горизонталь бағытта қозғалуы деп аталады?

Желдің жылдамдығы мен бағытын қандай құралмен өлшейді?



Боран



Ауа райының құбылыстарының бірі - боран. **Боран** – күшті желдің (жылд. 15 м/с-тан астам) әсерінен топырақтың, құмның, қиыршықтастың, қардың ұйтқып соғуы. Боран қатты жел соққандағы және ауа температурасы төмен болған кездегі бұрқасын.

Боран – дауылдан әлсіз, желден күшті. Боран соққан кезде айнала түтеп, ештеңе көрінбей кетеді. Боран көбінде далалы жерлерде жауын, қар жауардың

алдында соғады.

Боранның түрі көп. Оның қарлы боран, аязды боран, боран деген сияқты түрлері бар.

Шаңды боран көбіне шөлді жерлерде көп болады. Кенет көтерілетін боран кездейсоқ басталып кету қасиеті бар және өте қысқа мерзімде өтеді. Мысалы 10 минуттың ішінде желдің жылдамдығы 3 м\с-тан 30 с-қа дейін өседі.

► **Боран** – ұзақ соғатын, жылдамдығы сағатына 20 сек. өте қатты жел. Әдетте циклон өткенде байқалады, теңізді қатты буырқантып, құрғақта қиратады.

► **Құйын** – күн күркірегенде бұлтта пайда болып, төмен, көбінде жердің бетіне дейін тарайтын диаметрі ондаған, жүздеген метр бұлт жеңі немесе піл тұмсығы тәрізді ауа құйыны. Бұлтпен бірге қозғалып, ұзақболмайды. Шаруашылыққа орасан зор зиянын тигізеді.



► **Дауыл, боран, құйын кезінде қалай әрекет ету керек**

Егер дауыл, боран, құйын сіз ғимаратта болғанда басталса, терезеден аулақ тұрыңыз да, жайдың ішкі жақ қабырғаларының жанында, дәлізде, жуынатын бөлмелерде, дәретханада, қойма, мықты шкафтардың жанында, үстелдің астында қауіпсіз орындарға тұрыңыз. Пештегі отты, электр энергиясын өшіріңіз, газ желілерінің шүмектерін жабыңыз.

Бұл оның желге қарағанда қуатты екендігіне байланысты келсе керек. Жауынды, бұршақты борандар уақытша соғатын борандар. Алайда бұл борандардың зияны көп. Жанды боран аң – құс, жануарлар денесін сулап, ызғарлата соққандықтан бұған төзбеген «жандылар» суыққа ұрынып өліп, қырылады. Бұршақты боранның бүлдіргіш күші көп. Үлкен бұршақтарды борандата ұрғанда үй – терезелер, егістіктегі егіндер, адам, мал, жан – жануар денелері зақымдалады. Боран жел үнемі соғатындықтан елді, жерді тоздырады. Боранның соғысына қарай ауа райын алдын ала болжауға болады. Ауа райына қатысты табиғи құбылыстардың бірі – қарлы боран. Қазақ халқының дәстүрлі тіршілігінде қарлы боранның әсері күшті. Қарлы боран мал, егін, аңшылық шаруашылықтарына кері әсер етеді. Содан да қазақ халқы қарлы борандарды жақтырмайды, одан алдын ала сақтанады. Оны әр түрмен атайды, қарлы боран, ақ жорға, ақ дауыл деген сияқты атаулармен. Қарлы борандар қар жатқан өлкелерде соғады. Көбінде қыста болатын құбылыс. Соққан дауылды күшті жел қарды ұшырып айдайды. Күшті соқса – қарлы боран, ал баяу соқса қарды жер бетімен үрлей ақ жорға желге айналдырады. Сондықтан қарлы өлкелердегі ел, қарлы боран соғатынын алдын ала болжап білуге ұмтылған.



Боран

1. Анықтама. Ауа райының құбылыстарының бірі - боран.

2. Тану. Боран көбінде далалы жерлерде жауын, қар жауардың алдында соғады. Көбіне таза соқпай, қоспалы соғады. Боран – дауылдан әлсіз, желден күшті. Боранның түрі көп. Құйынды боран, шанды және қарлы болып үшке бөлінеді

2.1. Қарлы Боранның Қазақстанда «Арқаның ақ бораны», «ақтүтек», құмды өңірде Мойынқұм Бораны деп атайды. **Қазақ** атауларында жаяу борасын, суырынды борасын, ақ боран деп те атай береді.

2.2. Шанды боран – бұл күшті құйынды қатты желдің салдарынан құмды, шанды, топырақты, тұзды ауаға көтеріп ауқымды қашықтыққа алып барып тастау мүмкіндігі бар жағдай.

2.3. Құйынды боран үлкен аумақтарға дейін жайылуы ықтимал. Құйынды боран шанды және қарлы болып бөлінеді.

3. Болжау. Қарлы боранды қазақ жұрты табиғаттың қауіпті құбылыстарына жатқызып, одан күні бұрын сақтанып, ауа райын алдын ала болжап, малды ықтасынға жайып сақтанады. Қарлы боранның жағдайымен сол жылғы қыс мезгілі, тағы басқа уақыттардағы ауа райын да күні бұрын болжайды.

4. Экологиясы. Жанды боран аң – құс, жануарлар денесін сулап,

ызғарлата соққандықтан бұған төзбеген «жандылар» суыққа ұрынып өліп, қырылады. Бұршақты боранның бүлдіргіш күші көп. Үлкен бұршақтарды борандата ұрғанда үй – терезелер, егістіктегі егіндер, адам, мал, жан – жануар денелері зақымдалады. Боран жел үнемі соғатындықтан елді, жерді тоздырады.

5. Нәтиже.

Тапсырма:

1. Боранды күнгі қауіпсіздікті қалай сақтайсыз?
2. «Жандылар» сөзінің мағынасын түсіндіріңіз.
3. Боранның болатынын қалай болжар едіңіз?



Дәптермен жұмыс

1– тапсырма. Төмендегі сызба бойынша *Боран* талдау жасаңыз.

↓	1. Анықтама _____
↓	_____
↓	2. Тану
↓	_____
↓	_____
↓	3. Болжау _____
↓	_____
↓	4. Экологиясы _____
↓	_____
↓	_____
↓	5. Қорытынды _____
↓	_____
↓	_____
↓	6. Нәтиже _____
↓	_____



Жат жазу

I нұсқа

1. Астана бас қала сатылай талдауы бойынша тану кезеңін жазыңыз.

2. Болашақ астананы елестет.

3. Желді салыстырыңыз.

II нұсқа

1. *«Мен армандаған қалаға» талдау жасаңыз.*

2. Қазақстанда жеміс- жидек өсіру қай жылдардан бастап дамыды?

3. Желді салыстырыңыз.



I жартыжылдық тест тапсырмалары

1. Көне қала қайда орналасқан?
 - а). Қарағанды
 - ә). Бозоқты
 - б). Атбасар
2. Қай жылы Ақмола – Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен және Қазақстан Республикасы Парламентінің мақұлдауымен Қазақстан Республикасыны Астанасы болып жарияланды?
 - а). 1997 жылғы 20 қазандағы 1997 жылғы 10 желтоқсанынан бастап
 - ә). 1991 жылғы қазанда
 - б). 1986 жылғы 16 желтоқсан
3. Неліктен Астана бас қала деп аталған?
 - а). Әлемнің алдыңғы қатарлы отыз қаласының қатарынан орын алатындықтан.
 - ә). Ғимараттар қазіргі заман дизайны мен азиялық айшықты үлестіреді.
 - б). Шет елдердегі қалалар секілді.
4. Қай жылы Астана қаласына «Әлем қаласы үшін» халықаралық конкурсы жеңімпазының медалі мен сертификатын табыс етілді?
 - а). 1992 жылы тамызда
 - ә). 2000 жылдан бастап
 - б). 1999 жылы 16 шілде күні астана қаласына «Әлем қаласы үшін» халықаралық конкурсы жеңімпазының медалі мен сертификатын табыс етті.
5. ЭКСПО-2017 көрмесінің мақсаты?
 - а). Қазақстан әлемдік қауымдастыққа «Болашақ энергиясы» тақырыбын ұсынғаны
 - ә). ЭКСПО-2017 көрме қалашығы толықтай баламалы энергия көздері арқылы жұмыс істеуге көшеді.
 - б). «Астана EXPO-2017» елдерді достастыру, ауызбірлікке шақыру, инфрақұрылымдарды лайықты деңгейде дамыту.
6. Судың тіршілік үшін қандай маңызы бар?
 - а). Кейбір судың құрамынан минералды тұздар табылады, мұндай суды минералды су деп атайды.
 - ә). Су бұлақ, өзен, көл, теңіз, мұхиттарда болады.
 - б). Су сұйық күйінде ағып кетеді.
7. 5-7 см топырақтың пайда болуы үшін қанша жыл қажет?
 - а). 5-6 жыл
 - ә). 200-ден 2000-ға дейін жыл қажет.
 - б). 1 ғасыр
8. Жер бетінде алма, алмұрт, анар, шабдалы, өрік, алхорының өсіріліп келе жатқанына неше жылдан асты?

- а). Жеміс – жидек өсіру Қазақстанда 20-ғасырдың 30-жылдарынан бастап дами бастады.
- ә). Жер пайда болғаннан бастап.
- б). 10 жылдан асты.
9. Әр адам тәулігіне неше литр ауа жұтады?
- а). 15литр
- ә). 8литр
- б). бірнеше литр
10. Ағаштар өсу мерзімі кезінде ауаның шаңдануын неше пайызға, ал жапырақсыз кезеңде – неше пайызға азайтады?
- а). Ағаштар өсу мерзімі кезінде ауаның шаңдануын 42 пайызға, ал жапырақсыз кезеңде – 37 пайызға азайтады.
- ә). 80 пайызға азайтады
- б). 100 пайызға азайтады
11. Плантацияда қандай аңдар мекендеп, ал құстардың қай түрлері кеңінен таралған?
- а). қоян, түлкі, бұғы, марал, бұлан, елік, суыр, ондатр секілді аңдар мекендейді. Ал құстардан балқарағай торғайы, сұр шіл, сұр сандуғаш, көк қарға, шикылдақ, мәскеу торғайы кеңінен таралған.
- ә). Қасқыр, аю, арыстан, шымшық, бұлбұл, тотықұс, т.б.
- б). сиыр, қой, ешкі, тауық, үйрек, қаз, т.б.
12. Есіл өзені қай жерлерді басып өтеді?
- а). *Есіл өзені* — Сарыарқада биіктігі 400 – 500 метр Нияз тауынан басталып, Батыс Сібірге жеткенде Ертіске құяды.
- ә). Қазақстанның Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары және Ресейдің Түмен, Омбы облыстары жерімен ағады.
13. Қатынас жолдарын белгілеңіз
- а). *Көлік қатынасы*-бұл жылжымалы құрамның қозғалысына негізделіп, құрылғылармен жабдықталған, әрі жүктер мен жолаушыларды тасымалдауға арналған автомобильдік жолдар, теміржолдар мен өзен-су жолдары, әуе, құбыржолдар, монорельсті және арқан жолдар, арнайы магистральдар.
- ә). Құс жолы.
- б). Жаяу жүргінші қатынас жолы.
14. Желдің пайда болуының негізгі себебі....
- а). Ауаның қозғалысынан пайда болады.
- ә). Жер бетіндегі ауаның горизонталь бағытта бір жерден екінші жерге ауысуын атайды.
- б). Температураның өзгеруінен пайда болады.
15. Боран түрлерін белгілеңіз
- а). Аязды боран.
- ә). Желді боран.
- б). Құйынды боран,шаңды және қарлы боран.



Ұлттық мұражай мақтанышым

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі Астана қаласында Тәуелсіздік алаңында орналасқан 2014 жылы 2 шілдеде ашылған мұражай. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде табылған көптеген құнды



дүниелер Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің баға жетпес қорын құрайды. Мұражай «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасы бойынша құрылды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдеде «Қазақстан

Республикасы Мәдениет министрлігі «Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі» республикалық мемлекеттік мекемесін құру туралы» № 675 Қаулысы шықты. Елбасымыздың үкімімен Қазақстан Республикасының

Ұлттық музейінің директоры болып Дархан Қамзабекұлы Мыңбай тағайындалды.

Мұражай ғимараты Тәуелсіздік алаңы маңындағы «Қазақ елі» монументімен, Тәуелсіздік сарайымен, Бейбітшілік және Келісім сарайымен, «Хазірет Сұлтан»



мешітімен және Ұлттық өнер университетімен үйлесім тапқан.

Музей ғимараты ерекше пішінімен алыстан көз тартады. Аса ірі бірегей музей кешені 74 000 м² жерді алып жатыр және тоғызыншы қабатқа дейін ауыспалы қабатты болып келетін жеті блоктан тұрады. Жалпы көлемі 14 000 м² асатын экспозициялық алаң 14 залды алып жатыр. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде бірнеше зал бар Олар: Нұр-Сұлтан залы, Тәуелсіз Қазақстан залы, Алтын залы, Ежелгі және орта ғасыр тарихы залы, Тарих залы, Этнография



залы, Қазіргі заманғы өнер залы. Ұлттық қазынаны зерделеу жөніндегі музей құрылымы ғылыми-зерттеу институтынан тұрады. Сондай-ақ балалар музейіне, балалар шығармашылығы орталығына, екі көрме залына, қалпына келтіру шеберханасына, зертханаларға, кәсіби қор сақтауға, оқу залы бар ғылыми кітапханаға, мәжіліс залы мен кәдесый дүңгіршектеріне арналған үй-жайлар көзделген.

Музей дүниежүзілік стандарттарға сәйкес жабдықтармен жаратқандырылған, экспозициялар үшін заманауи көрме технологиялары: екі залға жұмыс істейтін арнайы контенті бар бірегей иілген экран, медиа еден, қазіргі Нұр-Сұлтанның орталық бөлігінің серпінді макеті, толып жатқан медиаэкрандар, голограммалар, диодты жарық LED-техника, сенсорлық дүңгіршектер, үш тілде ақпарат беретін мультимедиялық жолсерік пайдаланылады.

Музейде экскурсиялардың алуан түрлері – шолу және тақырыптық, философиялық

экскурсиялар, интерактивті сабақтар мен ойын экскурсиялары түрінде арнайы бағдарламалар әзірленуде. Ұлттық музей заманауи санаткерлік мәдениет мекемесі болуға, Республиканың тарихи және мәдени мұрасын талдау, салыстыру,



пайымдау, талқылау, ой-пікір айту және бағалау орнына айналуға тиіс. Осы заманғы музей – бұл келушілермен әрқашан да ашық бүкпесіз сұхбаттасу. Бұл музейде оның меймандарын тарихпен тілдесудің белсенді қатысушыларына айналдыруға қолдан келгеннің бәрі жасалған.



Ұлттық мұражай мақтанышым

1. Анықтама. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі — Астана қаласында Тәуелсіздік алаңында орналасқан 2014 жылы 2шілдеде ашылған мұражай. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде табылған көптеген құнды дүниелер Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің баға жетпес қорын құрайды.

2. Тану. Мұражай «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасын

іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасы бойынша құрылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдеде «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі «Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі» республикалық мемлекеттік мекемесін құру туралы» № 675 Қаулысы шықты[2]

3.Ерекшелігі. Мұражай ғимараты Тәуелсіздік алаңы маңындағы «Қазақ елі» монументімен, Тәуелсіздік сарайымен, Бейбітшілік және Келісім сарайымен, «Хазірет Сұлтан» мешітімен және Ұлттық өнер университетімен үйлесім тапқан.

4.Болашағы. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде бірнеше зал бар Олар: Нұр-Сұлтан залы, Тәуелсіз Қазақстан залы, Алтын залы, Ежелгі және орта ғасыр тарихы залы, Тарих залы, Этнография залы, Қазіргі заманғы өнер залы. . Сондай-ақ балалар

музейіне, балалар шығармашылығы орталығына, екі көрме залына, қалпына келтіру шеберханасына, зертханаларға, кәсіби қор сақтауға, оқу залы бар ғылыми кітапханаға, мәжіліс залы мен кәдесый дүңгіршектеріне арналған үй- жайлар көзделген. Музейде экскурсиялардың алуан түрлері – шолу және тақырыптық, философиялық экскурсиялар, интерактивті сабақтар мен ойын

экскурсиялары түрінде арнайы бағдарламалар әзірленуде.

5. Қорытынды. Осы заманғы музей – бұл келушілермен әрқашан да ашық бүкпесіз сұхбаттасу. Бұл музейде оның меймандарын тарихпен тілдесудің белсенді

катысушыларына айналдыруға қолдан келгеннің бәрі жасалған.



6. Нәтиже.



Дәптермен жұмыс

«Ұлттық мұражай мақтанышым» талдау жасаңыз.



Кітапхана – рухани байлық

Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы (АҚРҰАК) - 2004 жылдың 23 сәуіріндегі ҚР

Үкіметінің № 461 Қаулысымен құрылды.

2004 жылғы 10 маусымда ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев пен Мәскеу мэрі Ю. М. Лужковтың қатысуымен кітапхананың салтанатты ашылу рәсімі өтті.

2005 жылғы 10 қыркүйекте АҚРҰАК оқырмандарына өз есігін ашты. Жаңа кітапхана - жалпы алаңы 15 000 шаршы метрді құрайтын, қазіргі заманға сай 5 қабатты ғимарат. Бүгінде ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында электронды ресурстарды 50 терабайттан петабайтқа дейін ұлғайтуға мүмкіндік беретін электронды сақтау қоймасы мен серверлер кешеніне арналған база құрылды.

Бүгінде ҚР ҰАК – бұл Кітап пен Оқуды таңдап алған адамдардың баршасы үшін есігі ашық қазіргі заманғы ақпараттық мекеме. Оқырмандар билігінде ақпараттық және сервистік қызметтің толық жиынтығы бар: электронды каталог, Интернет пен қашықтықтағы деректер базасына қолжетімділік, виртуальды анықтамалық қызмет, құжаттарды электронды жеткізу, кітаптар, газет-журналдар, мультимедиялық басылымдардың бай топтамасы. ҚР ҰАК-ның қорында 860 мыңнан астам басылым бар. Оның оқу залдары бір мезгілде 500-ден астам оқырманды қабылдайды. Ал «Мәжіліс», «Диалог» және «Конституция» залдарында дәрістер, конференциялар, презентациялар, көрмелер және жұмыс кездесу 6 шілде



2015 ж. – открытие Мультимедийного залалер өткізу үшін толық жабдықталған жағдай жасалынған. Кітапхананың www.nabrk.kz корпоративтік сайты бар.

АҚРҰАК базасындағы «РАБИС» ақпараттық-библиографиялық жүйе оқырмандарға қызмет көрсету процесіндегі бірегей логикалық тізбек бойынша жұмыс жасайды — оқырмандарды тіркеуден бастап, оларды әдебиеттер іздестіру мен тапсырыс беру, кітап беріліміне дейін бақылау.

Бүгінде кітапхана қызметін 15 мыңнан аса оқырман пайдалануда. Кітап қоры 380 000 жуық. Кітаптан бөлек, кітапханаға қазақ, орыс және басқа да

шет тілдерінде 1500 аса атаумен отандық, шетелдік мерзімді басылымдар келіп түседі. Кітапхана өз пайдаланушыларына 15 толық мәтінді ғылыми мәліметтер базасын және әлемдік алпауыт ақпарат орталықтарының онлайн каталогтарын ұсынады.

Атап айтсақ, кітап мұражайында көне қолжазбалардан бастап, құнды тарихи жәдігерлер де сақталған. Ыбырай Алтынсарин хрестоматиясы, Әбілғазы Баһадүрдің шежіресін де осы жерден таба аласыздар.

Сондай-ақ, мұражай төрінде әдебиеттанушы, ғалым Заки Ахметовтың 600-ден астам кітабы мен жұмыс үстелі орналасқан.

Кітап қоры 6,6 млн. астам сақтау бірлігінен тұрады. Оқырмандардың жыл сайынғы келім саны - 1 млн. астам, кітап берілімі - 2 млн. данаға жуық. Оларға 1,5 мың орындық арнайы 14 оқу залы қызмет көрсетеді.

АҚРҰАК қызметіндегі басым бағыттардың бірі — халықаралық ынтымақтастықты дамыту. АҚРҰАК мынадай халықаралық үкіметтік, қоғамдық, кәсіби ұйымдармен белсенді ынтымақтасқан: ИФЛА, БАЕ, МБИАЦ, ЮНЕСКО, Француз Альянсы, Гете институты, Дүниежүзілік даму банкі, Азия даму банкі, ПРООН, НАТО және басқалар. ТМД елдерінің Ұлттық кітапханаларымен ынтымақтастық туралы Келісім жасалды. Атап айтсақ: Ресей, Әзірбайжан, Тәжікстан, Қырғызстан, Молдова, Белоруссия, Өзбекстан.

«Адам құқықтары жөніндегі ашық сандық кітапхана», «Көпшілік құқықтық ақпараттар орталығы», Үнді мәдениет орталығы, Неміс оқу залы, Ақпараттық даму орталығы, НАТО кітапханасы және басқа да ұйымдармен бірлікте жобалар әзірледі және енгізді. Ынтымақтастық



туралы бұл келісімдер кітапхана қызметтері мен ақпараттық ресурстарды әрі қарай электрондауға серпін беретін жаңа жобаларды дамытуды қарастырады.

Кітапхананың стратегиялық басымдықтары:

- кітап қорын толықтыру және олардың сақталымын қамтамасыз ету;
- сапалы кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсету;
- жаңа ақпараттық технологияларды енгізу және дамыту;
- республикалық және халықаралық кітапханалық-ақпараттық жобаларды іске асыру.



Кітапхана – рухани байлық

▼ **1. Анықтама.** Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы (АҚРҰАК) - 2004 жылдың 23 сәуіріндегі ҚР Үкіметінің № 461 Қаулысымен құрылды. 2004 жылғы 10 маусымда ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев пен Мәскеу мэрі Ю. М. Лужковтың қатысуымен кітапхананың салтанатты ашылу рәсімі өтті.

▼ **2. Тану.** Жаңа кітапхана - жалпы алаңы 15 000 шаршы метрді құрайтын, қазіргі заманға сай 5 қабатты ғимарат. Бүгінде ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында электронды ресурстарды 50 терабайттан петабайтқа дейін ұлғайтуға мүмкіндік беретін электронды сақтау қоймасы мен серверлер кешеніне арналған база құрылды.

▼ **3. Ерекшелігі.** Бүгінде ҚР ҰАК – бұл Кітап пен Оқуды таңдап адамдардың баршасы үшін есігі ашық қазіргі заманғы ақпараттық мекеме. Оқырмандар билігінде ақпараттық және сервистік қызметтің толық жиынтығы бар: электронды каталог, Интернет пен қашықтықтағы деректер базасына қолжетімділік, виртуальды анықтамалық қызмет, құжаттарды электронды жеткізу, кітаптар, газет-журналдар, мультимедиялық басылымдардың бай топтамасы.

▼ **4. Маңызы.** Оқу залдары бір мезгілде 500-ден астам оқырманды қабылдайды. Ал «Мәжіліс», «Диалог» және «Конституция» залдарында дәрістер, конференциялар, презентациялар, көрмелер үшін толық жабдықталған жағдай жасалынған. Кітапхананың www.nabr.kz корпоративтік сайты бар.

▼ **5. Болашағы.**

- кітап қорын толықтыру және олардың сақталымын қамтамасыз ету;
- сапалы кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсету;
- жаңа ақпараттық технологияларды енгізу және дамыту;
- республикалық және халықаралық кітапханалық-ақпараттық жобаларды іске асыру.

▼ **6. Қорытынды.** Бүгінде кітапхана қызметін 15 мыңнан аса оқырман пайдалануда. Кітап қоры 380 000 жуық. Кітаптан бөлек, кітапханаға қазақ, орыс және басқа да шет тілдерінде 1500 аса атаумен отандық, шетелдік мерзімді басылымдар келіп түседі. Кітапхана өз пайдаланушыларына 15 толық мәтінді ғылыми мәліметтер базасын және әлемдік алпауыт ақпарат орталықтарының он-лайн каталогтарын ұсынады.

▼ **7. Нәтиже.**



Сәулет өнеріне саяхат

*“Асқан игілік пен ең биік кемелділік дәрежесіне ең алдымен қала жетпек.”
Әбу Насыр әл-Фараби*

Болашақ Астана қаласының Бас жоспарын жасауға тұңғыш халық-аралық байқау жарияланып, әлемдік сәулет өнерінің шеберлері жіберген жүздеген жобалар сараптаудан өткізілді. Конкурсақа көптеген елдердің сәулетшілері өз жобаларын ұсынды.



Қазіргі кезде « Астана қ. Мәдениет басқармасы» ММ-сі 47 ескерткішті мәдени-тарихтық мұраларға жатқызған, олардың екеуі республикалық маңызды және 45 ескерткіш жергілікті маңыздылыққа ие.



Еңселі Елорда, асқақтаған Астана еркелеп аққан Есілдің жағалауында орналасқан. Бүгінде әсем қала Астанымыз жылдан жылға көркейіп өсіп келеді. Қазіргі таңда халық Астананы тамашалап, қызықтап, кең көшелермен қаланы саяхаттап жүреді. Тіпті шет елдерден келген

қонақтар қаламыздың көркем жерлерін аралап, тамсанып мақтау айтып кетіп жатыр. Бас қаламыз Астананың сәулет өнері арқылы қаламызда әсем, зәулім көз тартар биік ғимараттар бой көтеруде. Жаңа әрі озық үлгідегі тамаша тұрғын-үй кешендері, әкімшілік ғимараттары, гүлзарлар мен субұрқақтар, әдемі монументтер мен сәулет ескерткіштері және де жастар ойын-сауық кешенде Міне, Есілдің сол жағалауында жапырағын жайып, жас



қаланың жасыл ағашы Бәйтерек тұр. Ол жан-жағына нұрын төккен алып шарды биікке көтеріп, өмір мен бейбітшілік символын күллі әлемге паш етіп тұр. Ал Президент Ақордасының төбесінде ұлттық жалауымыз

желбіреген, киіз үй сипатты зор күмбез баршамызды бейбітшілікке, ауызбіршілікке шақыратындығын білдіреді. Сондай-ақ, Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, «Ел анасы» монументі,

«Астана-Арена» спорт кешені, Қазақстан Ішкі істер министрлігінің зәулім ғимараты, «Хан шатыр»,

«Керуен», «Мега», тағы басқа ойын-сауық орталықтары, «Бәйтерек»,

«Бейбітшілік және келісім сарайы»,

«Тәуелсіздік сарайы», «Конгрес Холл», «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры Астананың сәнін келтіреді. Астана – тек біздің ғана емес, дүние жүзіне зиялылық нұрын төгетін Еуразияның, әлемнің сәулетті қаласына айналып

отырған ғажайып шаһар. Бүгінде Астана түрлі халықаралық деңгейдегі шараларды өткізетін орталыққа айналып үлгерді. 2010 жылы Елордада 11 жылдық тоқыраудан кейін ЕҚЫҰ саммитін ұйымдастырып, өте жоғары деңгейде өткізді. Сонымен қатар, VII қысқы Азиада ойындары да жоғары талапқа сай ұйымдастырылды.

Келешекте, Астана 2017 жылы өткізілетін «EXPO-2017» көрмесін өткізу құрметі де Астанаға берілді. Қазіргі таңда осы Халықаралық мамандандырылған көрмені жоғары деңгейде өткізуге дайындық жүріп жатыр. Міне, жастарымызды болашаққа бастайтын бас қаламыз, арман қала – жас қаламыз – өнер, білім мен мәдениеттің ғылымның ордасына айналуға. Жасыл қала – бас қаламыз Астана жайнай берсін!





Сәулет өнері

1. **Анықтама.** Болашақ Астана қаласының Бас жоспарын жасауға тұңғыш халықаралық байқау жарияланып, әлемдік сәулет өнерінің шеберлері жіберген жүздеген жобалар сараптаудан өткізілді.
2. **Тану.** Қазіргі кезде «Астана қ. Мәдениет басқармасы» ММ-сі 47 ескерткішті мәдени-тарихтық мұраларға жатқызған, олардың екеуі республикалық маңызды және 45 ескерткіш жергілікті маңыздылыққа ие
3. **Ерекшелігі.** Еңселі Елорда, асқақтаған Астана еркелеп аққан Есілдің жағалауында орналасқан. Бүгінде әсем қала Астанамыз жылдан жылға көркейіп өсіп келеді. Қазіргі таңда халық Астананы тамашалап, қызықтап, кең көшелермен қаланы саяхаттап жүреді. Тіпті шет елдерден келген қонақтар қаламыздың көркем жерлерін аралап, тамсанып мақтау айтып кетіп жатыр.
4. **Маңызы.** . Бас қаламыз Астананың сәулет өнері арқылы қаламызда әсем, зәулім көз тартар биік ғимараттар бой көтеруде. Жаңа әрі озық үлгідегі тамаша тұрғын-үй кешендері, әкімшілік ғимараттары, гүлзарлар мен субұрқақтар, әдемі монументтер мен сәулет ескерткіштері және де жастар ойын-сауық кешендері де бар.
5. **Қорытынды.** Міне, Есілдің сол жағалауында жапырағын жайып, жас қаланың жасыл ағашы Бәйтерек тұр. Ол жан-жағына нұрын төккен алып шарды биікке көтеріп, өмір мен бейбітшілік символын күллі әлемге паш етіп тұр. Ал Президент Ақордасының төбесінде ұлттық жалауымыз желбіреген, киіз үй сипатты зор күмбез баршамызды бейбітшілікке, ауызбіршілікке шақыратындығын білдіреді. Сондай-ақ, Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, «Ел анасы» монументі, Астана-«Арена» спорт кешені, Қазақстан Ішкі істер министрлігінің зәулім ғимараты, «Хан шатыр», «Керуен», «Мега», тағы басқа ойын-сауық орталықтары, «Бәйтерек», «Бейбітшілік және келісім сарайы», «Тәуелсіздік сарайы», «Конгрес Холл», «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры Астананың сәнін келтіреді. Астана – тек біздің ғана емес, дүние жүзіне зиялылық нұрын төгетін Еуразияның, әлемнің сәулетті қаласына айналып отырған ғажайып шаһар. Міне, жастарымызды болашаққа бастайтын бас қаламыз, арман қала – жас қаламыз – өнер, білім мен мәдениеттің ғылымның ордасына айналуға. Жасыл қала – бас қаламыз Астана жайнай берсін!
6. **Нәтиже.**





«Атамекен» (мұражайы)

«Атамекен» Қазақстанның картасы» этно-мемориалдық кешені 2001 жылғы 8 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша ашылды.



«Атамекен» этнокешенін құрудағы және қызметінің негізгі мақсаты

тарихи-мәдени және рухани құндылықтардың сақталуын, қолжетімділігін қамтамасыз ету және халықты оларға араластыру, Қазақстан мәдениетінің жетістіктерін насихаттау, Қазақстанның барлық табиғи аймақтары мен экономикалық жетістіктерінің көптүрлілігін көрсету, мәдени құндылықтарды сақтау және еселей түсу болып табылады.



Көптеген түркі тілдерінің аудармасында «Атамекен» сөзін «Ата-бабалар жері» деп аударуға болады. Бұл ашық аспан

астындағы ғажайып мұражайға бару бірнеше сағат ішінде бүкіл Қазақстанды аралап көруге, барлық облыстармен, көрікті жерлермен, табиғи ландшафттармен танысуға мүмкіндік береді. Қазақстан аумағының алаңы бойынша әлемде 9-орын алатыны белгілі, дегенмен мұнда бүкіл елді алақандағыдай көруге болады.



Қалалар, елдер мен халықтар тарихын көрсетудің аса қызықты тәсілі көптеген елдерде: Австрияда, Бельгияда, Ұлыбританияда, Германияда, Швейцария мен басқа елдерде танымал. Атамекен басқа елдердің саябақтарына ұқсас салынған және әлем саябақтарының ішінде бірегейлерінің бірі болып табылады. «Атамекен» Қазақстанның картасы» - Қазақстанның әлеуметтік-мәдени және өнеркәсіптік объектілерін ғана емес, сондай-ақ ландшафтын, жануарлар



мен өсімдіктер әлемін бейнелейтін әлемдегі бірден-бір саябақ. 1,7 га алаңда (екі футбол алаңы) елді алақандағыдай көруге және оның сәулет-ландшафт тарихымен танысуға болады. Картада 14 облыс пен 2 республикалық маңызы бар қала – Астана мен Алматы орналасқан. Мұнда табиғи климаттық аймақтар мен ландшафттардың, сәулет мен қара құрылысы ансамбльдерінің

сан түрлілігі паш етілген. Десек те, ең бастысы – тарих және мәдениет ескерткіштері екені сөзсіз: Қожа Ахмет Яссауи кесенесі мен Бұқтырма СЭС, Президенттің Резиденциясы мен Қарақия ойысы. «Атамекен» Қазақстан картасының қызығушылық туғызатын бөлігі Каспий теңізінің декоративті түрде ресімделген моделі болып табылады. Миниатюралар саябағында 200-ден астам көрікті жерлер орналасқан және олардың саны біртіндеп ұлғаюда. Саябақтың орталығында аренасы бар ашық форум орналасқан, онда мерекелер, шерулер мен басқа да бұқаралық іс-шаралар өткізіледі. Бұған қоса мұнда қолөнер шеберханалары да баршылық, онда қолданбалы өнер шеберлерінің бұйымдарын, сондай-ақ Қазақстанның түрлі өңірлерінен келген кәдесыйларды сатып алуға болады. Алғашқы ашылған күнінен бастап «Атамекен» Астананың басты көрікті орындарының біріне айналды. Жыл сайын кешенді жақын және алыс шет елдерден келген 10 мыңнан астам қонақ тамашалайды. «Картамен» жұмыс айқындылығы бойынша аяқталуға тиіс емес: Қазақстан өркендеп, даму үстінде болғанда жаңа объектіге орын табылмақ. Ерекше тарихи оптимизмнің негізі де осында – халық игілігіне берілген уақыт ішінде саябақтың бірде-бір объектісі жоғалған жоқ, қайта тұрақты түрде толығып келеді. Таяу уақытта кешенге ауқымды реконструкциялау жүргізу, сондай-ақ EXPO-2017 көрмесіне арналған жаңа павильон ашу жоспарланып отыр.





«Атамекен»

▼ **1. Анықтама.** «Атамекен» Қазақстанның картасы» этно-мемориалдық кешені 2001 жылғы 8 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша ашылды

▼ **2. Тану.** «Атамекен» этнокешенін құрудағы және қызметінің негізгі мақсаты тарихи-мәдени және рухани құндылықтардың н, сақталуы қолжетімділігін қамтамасыз ету және халықты оларға араластыру, Қазақстан мәдениетінің жетістіктерін насихаттау, Қазақстанның барлық табиғи аймақтары мен экономикалық жетістіктерінің көптүрлілігін көрсету, мәдени құндылықтарды сақтау және еселей түсу болып табылады.

▼ **3. Ерекшелігі.** Көптеген түркі тілдерінің аудармасында «Атамекен» сөзін «Ата-бабалар жері» деп аударуға болады. Бұл ашық аспан астындағы ғажайып мұражайға бару бірнеше сағат ішінде бүкіл Қазақстанды аралап көруге, барлық облыстармен, көрікті жерлермен, табиғи ландшафттармен танысуға мүмкіндік береді. Қазақстан аумағының алаңы бойынша әлемде 9-орын алатыны белгілі, дегенмен мұнда бүкіл елді алақандағыдай көруге болады.

▼ **4. Маңызы.** 1,7 га алаңда (екі футбол алаңы) елді алақандағыдай көруге және оның сәулет-ландшафт тарихымен танысуға болады. Картада 14 облыс пен 2 республикалық маңызы бар қала – Астана мен Алматы орналасқан. Мұнда табиғи-климаттық аймақтар мен ландшафттардың, сәулет мен қара құрылысы ансамбльдерінің сан түрлілігі паш етілген. Десек те, ең бастысы – тарих және мәдениет ескерткіштері екені сөзсіз: Қожа Ахмет Яссауи кесенесі мен Бұқтырма СЭС, Президенттің

Резиденциясы мен Қарақия ойысы. «Атамекен» Қазақстан картасының қызығушылық туғызатын бөлігі Каспий теңізінің декоративті түрде ресімделген моделі болып табылады. Миниатюралар саябағында 200-ден астам көрікті жерлер орналасқан және олардың саны біртіндеп ұлғаюда

▼ **5. Қорытынды.** Алғашқы ашылған күнінен бастап «Атамекен» Астананың басты көрікті орындарының біріне айналды. Жыл сайын кешенді жақын және алыс шет елдерден келген 10 мыңнан астам қонақ тамашалайды.

▼ **6. Нәтиже.** «Картамен» жұмыс айқындылығы бойынша аяқталуға тиіс емес: Қазақстан өркендеп, даму үстінде болғанда жаңа объектіге орын табылмақ. Таяу уақытта кешенге ауқымды реконструкциялау жүргізу, сондай-ақ ЕХРО-2017 көрмесіне арналған жаңа павильон ашу жоспарланып отыр.



Қазмедиа

Қазмедиа орталығы (немесе Астана қаласындағы телерадио кешені ағылш. Astana Media Center) — ұлттық теледидар және радиохабар арналарын жасау және тарату кешені. «Қазмедиа орталығы» телерадио кешені Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарын бір орталыққа біріктіру мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша салынған. Кешеннің жалпы аумағы — 75,5 мың шаршы метр. Кешен құрамында аппаратты-студиялық блоктар, көп арналы телетарату блогы, көп арналы радиотарату блогы, 1000 орындық киноконцерттік залы, ұлттық медиа-мұрағаттың техникалық кешені бар.



Қазақстанның мемлекеттік үлесі бар телеарналары «Қазмедиа орталығы» телерадио кешеніне қарайды. «Хабар агенттігі» АҚ, «Қазақстан» РТРК», «Kazakh TV», «Мәдениет», «Балапан» телеарналары, «Мир» ХТРК мен «Еуразия+ОРТ» телекомпанияларына қарасты арналар 2012-жылдың қыркүйек айынан бастап телерадио кешен ғимаратынан хабар таратады. Кешенде одан басқа «Қазақрадиосы», «Шалқар» және «Астана» радиолары орналасқан. Телерадио кешен негізінде қыркүйек айынан бастап «Білім» және тәулік бойы жаңалықтар тарататын «24.KZ» атты екі жаңа арна шығарыла бастады. Орталықтың негізгі мақсаты — мемлекеттік телеарналардың техникалық базасын қазіргі заман талабына сай стандарттарға келтіру. Биіктігі 102 метрлік 22 қабаттық ғимараттың бірінші қабаты телестудияларға, ал мұнара әкімшілік пен шығармашылық топқа арналады. Алып дәлізде телесериалдар мен телебағдарламалар түсіретін ірі студиялар орналасқан.

Кешен керемет мультимедиялық жоба болып табылады. Оған



жаңалықтар, ток-шоу, сериалдар түсіру, дыбыс жазу, дубляж жасау, радио тарату жұмыстарын дайындау үшін 24 студия орналастырылған.

Орнатылған жабықтар микрофондарды, камераларды, монтаждау пульттерін, жарықтандыруды, дыбыс жүйелерін т.б. қоса алғанда, толықтай

жинақталған технологиялық желі болып табылады.

Ал 22-қабатында қаланың панорамалық көрінісін пайдалана отырып, тікелей эфир жүргізетін және бағдарламаларды жазуды ұйымдастыруға

қолайлы екі панорамалық студия (SkyStudio) орналасқан. Бейінді студиялармен қатар, «Қазмедиа орталығында» сондай-ақ тәулік бойы радиохабарларын тарату, спутниктік телепром орналасқан.

«Қазмедиа орталығының» барлық технологиялық алаңы әлемдік жетекші өндірушілердің жаңа өнімдерімен жабдықталған.



Қазмедиа

1. Анықтама. Қазмедиа орталығы (немесе Астана қаласындағы телерадио кешені ағылш. Astana Media Center) — ұлттық теледидар және радиохабар арналарын жасау және тарату кешені.

2. Тану. «Қазмедиа орталығы» телерадиокешені Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарын бір орталыққа біріктіру мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша салынған Кешеннің жалпы аумағы — 75,5 мың шаршы метр. Кешен құрамында аппаратты-студиялық блоктар, көп арналы телетарату блогы, көп арналы радиотарату блогы, 1000 орындық киноконцерттік залы, ұлттық медиа-мұрағаттың техникалық кешені бар.

3. Ерекшелігі. Қазақстанның мемлекеттік үлесі бар телеарналары «Қаз медиа орталығы» телерадиокешеніне қарайды. «Хабар агенттігі» АҚ, «Қазақстан» РТРК, «KazakhTV», «Мәдениет», «Балапан» телеарналары, «Мир» ХТРК мен «Еуразия+ОРТ» телекомпанияларына қарасты арналар 2012-жылдың қыркүйек айынан бастап телерадиокешен ғимаратынан хабар таратады. Кешенде одан басқа

«Қазақрадиосы» «Шалқар» және «Астана» радиолары орналасқан. Телерадиокешен негізінде қыркүйек айынан бастап «Білім» және тәулік бойы жаңалықтар тарататын «24.KZ» атты екі жаңа арна шығарыла бастады.

4. Маңызы. Орталықтың негізгі мақсаты — мемлекеттік телеарналардың техникалық базасын қазіргі заман талабына сай стандарттарға келтіру. Биіктігі 102 метрлік 22 қабаттық ғимараттың бірінші қабаты телестудияларға, ал мұнара әкімшілік пен шығармашылық топқа арналады. Алып дәлізде телесериалдар мен телебағдарламалар түсіретін ірі студиялар орналасқан.

5. Қорытынды. Қаланың панорамалық көрінісін пайдалана отырып, тікелей эфир жүргізетін және бағдарламаларды жазуды ұйымдастыруға қолайлы екі панорамалық студиясы (SkyStudio), сондай-ақ тәулік бойы радиохабарларын тарату, спутниктік телепром жұмыс жасайды.

«Қазмедиа орталығының» барлық технологиялық алаңы әлемдік жетекші өндірушілердің жаңа өнімдерімен жабдықталған.

6. Нәтиже.



Астананың көрікті жерлері

СарыАрқа төсіндегі сәні мен салтанаты жарасқан елорда бүгінде озық идеяларды, жаңа ғылыми шешімдер мен сәулет өнерінің озық үлгілерін өмірге әкелетін жерұйық іспеттес. Бас қаламыздың салтанатын арттырған сәулет өнерінің озық үлгілері саналатын ғимараттар баршылық.

Сулы-жасыл жолжелек, «Думан» ойын-сауық кешені, Цирк, Бейбітшілік және келісім сарайы, Бейбітшілік және келісім сарайы, «Хан Шатыр», «Бәйтерек» және басқалар ХХІ ғасырдағы сәулет өнерінің озық үлгілері болып табылады. Астанадағы заманауи архитектуралық ансамбльдер қатары сәулет өнерінің қайталанбас жаңа үлгілерімен толықты.



Қала орталығында әлемге танымал жапондық сәулетші Кисе Курокаваның жобасы бойынша салынған жаяу жүргіншілер көпірі бар. Бұл Астананың дәл ортасынан өтетін көпір қала тұрғындары арасында Сулы-жасылжолжелек атымен белгілі. Жаяу жүретін жасыл желектер, гүлзарлар мен субұрқақтары бар жолдар көктемгі-жазғы кезеңде туристер мен Астана қонақтарын ерекше көңілге бөлейді.

«Думан» ойын-сауық кешені


Астананың сол жағалауында 3D-кинотеатр, «Джунгли» аттракционы, боулинг, көпфункционалды зал, қонақ үй кешені, дәмханалар желісі, сауда залдары, балалар ойын алаңы және бірегей мұхитаралы бар «Думан» ойын-сауық кешені орналасқан. Мұхитаралдың бас тоғанының көлемі 3 миллион литр теңіз суын құрайды. Теңіз суын дайындау үшін жыл сайын 120 тоннаға жуық арнайы теңіз тұзы пайдаланылады. Мұнда Жер шарының әр түрлі теңіз фаунасының 100-ден астам түрінен 2000-нан астам теңіз мекендеушілері мекендейді.

Цирк


Есілдің сол жағалауында ерекше сәулеттік ойдан туындаған астаналық цирк ғимараты

орналасқан. Дөңгелек ұшу объектісі пішініндегі бұл ғимарат қала тұрғындары арасында «ұшу тарелкесі» аталып кеткен.

Цирк аренасы диаметрі 13 метр болатын, ал цирктің тостағанының жалпы алаңының диаметрі 92,6 метрді құрайды. Цирк 2000 адамға шақталған.



Бейбітшілік және келісім сарайы Атақты сәулетші Норман Фостер Астананың бірегей құрылысы болып табылатын Бейбітшілік және келісімсарайының жобасын салған. 15 метрлік қырда салынған пирамида түріндегі ғимарат, бұл шыны мен граниттен салынған сарай конфессияаралық және ұлтаралық келісім символына айналып отыр. Жыл сайынмұнда Қазақстан халықтары ассамблеясының отырысы өткізіледі. Осы жерде халықаралық форумдарда негізгі әлемдік дін өкілдері кездеседі. Бейбітшілік және



келісім сарайында 1 500 орындық тамаша опера залы орналасқан.

«Хан Шатыр»

«Хан Шатыр» сауда-ойын-сауық орталығы ұлттық нақышта салынған өзіндік ерекшелігі бар сәулеттік құрылыс.

10 000 кв. метр алаңында түрлі butikтер, дәмханалар, мейрамханалар орналасқан. Ғимарат ішінде жағажайылы тропикалық бақ бар. «Хан

Шатырдың»биіктігі200метр.

«Бәйтерек»

«Астана-Бәйтерек» монументі – елордамыз Астана қаласының негізгі нышаны, оның визитті карточкасы деуге болады.

Жалпы, бәйтерек— ежелгі таным бойынша, тылсым қасиетке ие алып ағаш. Байырғы аңыз бойынша алып ағаштың басына

Самрұқ құсы ұя жасап, оған жұмыртқа салған. Металлдан тұрғызылған бұл конструкцияның биіктігі 105 метр және 1 000 тоннадан аса салмақ бес жүзге тарта қадамен бекітілген. Тұңғыш рет диаметрі 22 метр және салмағы 300 тонна болатын шынымен жабылған шар осындай биіктікке көтерілді. Келушілер панорамалық лифтімен әйнек «шарда» орналасқан кең залдарға көтеріліп,«құс ұшатын» биіктіктен егемендіҚазақстанның жаңа астанасында болған жәнеболып жатқан өзгерістерді көре алады.





Астананың көрікті жерлері

1. Анықтама. Сары Арқа төсіндегі сәні мен салтанаты жарасқан елорда бүгінде озық идеяларды, жаңа ғылыми шешімдер мен сәулет өнерінің озық үлгілерін өмірге әкелетін жерұйық іспеттес. Бас қаламыздың салтанатын арттырған сәулет өнерінің озық үлгілері саналатын ғимараттар баршылық. .

2. Тану. Астанадағы заманауи архитектуралық ансамбльдер қатары сәулет өнерінің қайталанбас жаңа үлгілерімен толықты.

3. Ерекшелігі. Қала орталығында әлемге танымал жапондық сәулетші Кисе Курокаваның жобасы бойынша салынған жаяу жүргіншілер көпірі бар. Бұл Астананың дәл ортасынан өтетін көпір қала тұрғындары арасында Сулы-жасылжолжелек атымен белгілі. Жаяу жүретін жасыл желектер, гүлзарлар мен субұрқақтары бар жолдар көктемгі-жазғы кезеңде туристер мен Астана қонақтарын ерекше көңілге бөлейді.

3.1. Орталықтың негізгі мақсаты — мемлекеттік телеарналардың техникалық базасын қазіргі заман талабына сай стандарттарға келтіру. Биіктігі 102 метрлік 22 қабаттық ғимараттың бірінші қабаты телестудияларға, ал мұнара әкімшілік пен шығармашылық топқа арналады. Алып дәлізде телесериалдар мен телебағдарламалар түсіретін ірі студиялар орналасқан.

3.2. Есілдің сол жағалауында ерекше сәулеттік ойдан туындаған астаналық цирк ғимараты орналасқан. Дөңгелек ұшу объектісі пішініндегі бұл ғимарат қала тұрғындары арасында «ұшу тарелкесі» аталып кеткен. Цирк аренасы диаметрі 13 метр болатын, ал цирктің тостағанының жалпы алаңының диаметрі 92,6 метрді құрайды. Цирк 2 000 адамға шақталған

3.3. Атақты сәулетші Норман Фостер Астананың бірегей құрылысы болып табылатын Бейбітшілік және келісімсарайының жобасын салған. 15 метрлік қырда салынған пирамида түріндегі ғимарат, бұл шыны мен граниттен салынған сарай конфессияаралық және ұлтаралық келісім символына айналып отыр. Жыл сайын мұнда Қазақстан халықтары ассамблеясының отырысы өткізіледі. Осы жерде халықаралық форумдарда негізгі

әлемдік дін өкілдері кездеседі. Бейбітшілік және келісім сарайында 1 500 орындық тамаша опера залы орналасқан.

3.4. «Хан Шатыр» сауда-ойын-сауық орталығы ұлттық нақышта салынған өзіндік ерекшелігі бар сәулеттік құрылыс. 10 000 кв. метр алаңында түрлі butikтер, дәмханалар, мейрамханалар орналасқан. Ғимарат ішінде жағажайылы тропикалық бақ бар. «Хан Шатырдың» биіктігі – 200 метр.

3.5. «Астана-Бәйтерек» монументі – елордамыз Астана қаласының негізгі нышаны, оның визитті карточкасы деуге болады.

Жалпы, бәйтерек — ежелгі таным бойынша, қасиетке алып ағаш.

Байырғы аңыз бойынша алып ағаштың басына Самрұқ құсы ұя жасап, оған жұмыртқа

салған. Металлдан тұрғызылған бұл

конструкцияның биіктігі 105

метр және 1 000 тоннадан аса бес

жүзге тарта қадамен бекітілген.

Тұңғыш рет диаметрі 22 метр және

салмағы 300 тонна болатын шынымен

жабылған шар биіктікке көтерілді.



4.Маңызы.Келушілер

панорамалық лифтімен әйнек «шарда» орналасқан кең залдарға көтеріліп, «құс ұшатын» биіктіктен егеменд Қазақстанның жаңа астанасында болған және болып жатқан өзгерістерді көре алады

5.Қорытынды. Жаяу жүретін жасыл желектер,гүлзарлармен субұрқақтары бар жолдар көктемгі-жазғы кезеңде туристер мен

Астана қонақтарын ерекше көңілге бөлейді.

6. Нәтиже.



Дәптермен жұмыс

1–тапсырма. Төмендегі сызба бойынша *Астананың көрікті жерлері* талдау жасаңыз.

1. Анықтама _____

2. Тану _____

3. Маңызы _____

4. Ерекшелігі _____

5. Қорытынды _____

6. Нәтиже _____



Туған өлке экономикасы

«Отан – қуат, отбасы – шуақ» дегендей, менің туған жерім Қазақстан, бүгінде Қазақстан кеңестік елдер арасындағы ең алдыңғы қатардағы ел болып табылады. Әлем, біздің Республикамызды Азия аймағындағы көшбасшы, сенімді серіктес ретінде қарайды. Көптеген мемлекеттер осы уақытқа дейін ішкі тұрақтылықты сақтай алмауда. Осыдан аз уақыт бұрын ғана Грузияда, Украинада, Қырғыстанда түрлі-түсті төңкерістер орын алды, олар өздерінің тәуелсіздік алған күндерінен бастап ішкі саяси тұрақтылыққа жете алмағандарынан. Өз егемендігін бір уақытта бірге алған мемлекеттер арасында біздің ел ерекше де өзгеше. Қазақстан экономикасы жоғары қарқынмен дамып келе жатқан мемлекет, соның нәтежиесінде елдің, халықтың өмір деңгейі жоғары қарқынмен



жақсарып келеді. Біздің ел жалпы ішкі өнім бойынша әлемде серпінді дамып келе жатқан он екі елдің қатарына кіреді және орта Азия мемлекеттері арасында көшбасшы болып табылады. КСРО ыдырап, оның құрамындағы мемлекеттер даму жолында демократиялық жолды таңдады. Сол кездегі елдердің проблемалары мен жалпы елдің

жағдайы бірдей еді. Кедейшілік қамытын киген халықтың санасында оптимизмнен бұрын торығу-қамығу алда басым еді, қоғамда тұрақсыздық аса көрініс тапқан еді. Қазіргі кезде Қазақстан өз даму жолында таңдаған тиімді де тұрақты моделі басқа елдердің көңілін аударуда.

Экономиканы тұрақты және серпінді дамыту, халықты тұрақтандыру мен ел жағдайын жақсарту міне осының нәтежиесі республиканың саяси жүйесін жетілдіру үстінде. Тәуелсіздік жылдар ішінде Қазақстан даму жолында негізгі міндетті жүзеге асыруда жолы оңынан болды, енді келесі міндетті жүзеге асыру барысында. Астана өте серпінді дамуда. Елорда көшірілген кезден бастап қала экономикасына салынған инвестиция көлемі 3,5 миллиард доллардан асты.



Астананың ойдағыдай дамып келе жатқанының белгілерін оның халқының жедел өсуінен байқауға болады.

Есілдің сол жағалауын әкімшілік орталыққа айналдыру мақсатында құрылған «Астана — жаңа қала» экономикалық аймағында 141 нысан салынып жатыр.

Елорданың экономикалық әл-ауқаты жыл сайын еселенуде.

Шағын және орта бизнес өнімдерін өндіру көлемі екі есеге ұлғайды.

Қазіргі кезде қаламызда шағын және орта бизнеспен шұғылданатын адамдардың саны 288 мыңға жетті. Бұл – үлкен көрсеткіш. Өйткені, олардың саны қала тұрғындарының үштен бір бөлігін құрайды.

Елбасы Жарлығымен жоғары технологиялық бәсекеге қабілетті өндірістік және заманауи инфрақұрылымды құру, инвестицияларды тарту және құрылыста озық технологияны қолдану мақсатында «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағы құрылды.

Инвестицияларды тарту және құрылыста озық технологияны қолдану мақсатында «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағы құрылды.

Онда бірінші және екінші индустриалдық парк, сонымен қатар жаңадан әкімшілік іскерлік орталық жұмыс істейді.

Арнайы экономикалық аймақ шеңберінде жасалынып жатқан жобалар ұшан-теңіз.

Шетелден алынған тауарлардың дені автомашиналар, өндіріске қажетті құрал-жабдықтар, көлік машиналары, приборлар мен аппараттар, т.т.

Астананың сауда жүйесі дамуда, «Еуразия» «Әлем», «Құлагер», «Рамстор», «Бахус», «Жаннұр», «Астықжан», «Шапағат», «Шарын»,

«Шанхай» сияқты сауда базарлары мен орталықтары қызмет көрсетуде.

Ауыл шаруашылығымен айналысатын тауар өндірушілермен және тауар жеткізушілермен жәрмеңкелер ұйымдастырылып тұрады.



Туған өлке экономикасы

1. Анықтама. «Отан – қуат, отбасы – шуақ» дегендей, менің туған жерім Қазақстан, бүгінде Қазақстан кеңестік елдер арасындағы ең алдыңғы қатардағы ел болып табылады.

2. Тану. Әлем, біздің Республикамызды Азия аймағындағы көшбасшы, сенімді серіктес ретінде қарайды. Көптеген мемлекеттер осы уақытқа дейін ішкі тұрақтылықты сақтай алмауда.

3. Ерекшелігі. Аз уақыт бұрын ғана Грузияда, Украинада, Қырғыстанда түрлі-түсті төңкерістер орын алды, олар өздерінің тәуелсіздік алған күндерінен бастап ішкі саяси тұрақтылыққа жете алмағандарынан. Өз егемендігін бір уақытта бірге алған мемлекеттер арасында біздің ел ерекше де өзгеше.

Қазақстан экономикасы жоғары қарқынмен дамып келе жатқан мемлекет, соның нәтижесінде елдің, халықтың өмір деңгейі жоғары қарқынмен жақсарып келеді. Біздің ел жалпы ішкі өнім

бойынша әлемде серпінді дамып келе жатқан он екі елдің қатарына кіреді және ортаАзия мемлекеттері арасында көшбасшы болып табылады.

4.Қорытынды.Қазіргі кезде қаламызда шағын және ортабизнеспен шұғылданатын адамдардың саны 288 мыңға жетті. Бұл – үлкен көрсеткіш. Өйткені, олардың саны қала тұрғындарының үштен бір бөлігін құрайды.

Шетелден алынған тауарлардың дені автомашиналар, өндіріске қажетті құрал-жабдықтар,көлік машиналары,приборлар мен аппараттар,т,т,Астананың сауда жүйесі дамуда, «Еуразия» «Әлем», «Құлагер», «Рамстор», «Бахус», «Жаннұр», «Астықжан», «Шапағат», «Шарын», «Шанхай» сияқты сауда базарлары мен орталықтары қызмет көрсетуде.Ауыл шаруашылығымен айналысатын тауар өндірушілермен және тауар жеткізушілермен жәрмеңкелер ұйымдастырылып тұрады

5. Нәтиже.



Дәптермен жұмыс

1–тапсырма. Төмендегі сызба бойынша *Туған өлке экономикасы* талдау жасаңыз.

↓ ↓ ↓ ↓ ↓ ↓ ↓	1. Анықтама _____
	2. Тану _____ _____
	3. Маңызы _____ _____
	4. Ерекшелігі _____ _____ _____
	5. Қорытынды _____ _____
	6. Нәтиже _____



Мамандығым – мақтанышым

Мамандық таңдау - өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез - келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе. Кімде - кім өзінің ыңғайына қарай өз жолымен қызмет етсе, өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек. Өз орнында істеген адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ, Ж. Аймауытов айтқандай, “Өмірде өз мақсаттарымызға жету үшін қабілетімізге қарай мамандықты таңдай білейік!” деген екен.

Жүсіпбек Аймауытов «Мұғалім істеген ісі өнімді, берекелі болуын тілесе, әуелі өз қызметін шын көңілмен жақсы көрсін» деген. Ұстаз- ең алдымен, оқушы үшін білім нәрін құюшы ізгілік иесі, өмірлік тәжірибелерді үйретуші тәлімгер, адамгершілікке баулитын тәрбиеші психолог екені сөзсіз. Ұстаз әрқашан шәкірттеріне бүгінгі



алған білімінің ертеңгі күні қажеттілігіен сездіре алатындай қасиеті бар, мектеп табалдырығын аттаған әрбір жас өреннің болашақтағы көздеген мақсаттарына қол жеткізуіне бағыт бере алатын үлкен тұлға.

Халқымыздың, ата-бабаларымыздың ежелден келе жатқан өмірлік тәжірибесін, салт- дәстүрін, әдет-ғұрыптарын, жақсы қасиеттерін, бүгінгі заманның озық жетістіктерін жас ұрпақ ұстаз арқылы, оның айтқан тәлімді сөздері мен өнегелі істері арқылы үйренеді. Ал, бұл міндет қашанда қиын жауапты екені белгілі.

Ел сеніміне кіретін құрметті мамандық иесі болу үшін білім алуға барлық күш-жігерімізді жұмсап, жұмыстанайық дегім келеді. Егеменді еліміздің ертеңі – болашақ маман иелері болу өз қолымызда екені даусыз.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлт болашағы білімді ұрпақ қолында» деп айтқан сөзі бізге жарқын бола-шаққа апарар жолды меңзеп тұрғандай. Шын мәнінде бүгінгі жас – ертеңгі елдің мызғымас тірегі, келешек келбеті. Сол себепті олардың білімді, бәсе-кеге қабілетті, жан-жақты әлеуметтенуі ел дамуындағы аса маңызды фактор болып табылатыны анық.



Мамандығым – мақтанышым

▼ **1. Анықтама.** Мамандық таңдау - өте жауапкершілікті және маңызды іс.

Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек.

▼ **2. Таңу.** Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез - келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе. Кімде - кім өзінің ыңғайына қарай өз жолымен қызмет етсе, өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек.

▼ **3. Ерекшелігі.** Өз орнында істеген адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ, Ж. Аймауытов айтқандай, “Өмірде өз мақсаттарымызға жету үшін қабілетімізге қарай мамандықты таңдай білейік!” деген екен.

▼ **4. Маңызы.** Ұстаз- ең алдымен, оқушы үшін білім нәрін құюшы ізгілік иесі, өмірлік тәжірибелерді үйретуші тәлімгер, адамгершілікке баулитын тәрбиеші психолог екені сөзсіз. Ұстаз әрқашан шәкірттеріне алған білімінің ертеңгі күні қажеттілігінен сездіре алатындай қасиеті бар, мектеп табалдырығын аттаған әрбір жас өреннің болашақтағы мақсаттарына қол жеткізуіне бағыт бере алатын үлкен тұлға.

▼ **5. Қорытынды.** Халқымыздың, ата-бабаларымыздың ежелден келе жатқан өмірлік тәжірибесін, салт- дәстүрін, әдет-ғұрыптарын, жақсы қасиеттерін, бүгінгі заманның озық жетістіктерін жас ұрпақ ұстаз арқылы, оның айтқан тәлімді сөздері мен өнегелі істері арқылы үйренеді. Ал, бұл міндет қашанда қиын жауапты екені белгілі. Ел сеніміне кіретін құрметті мамандық иесі болу үшін білім алуға барлық күш-жігерімізді жұмсап, жұмыстанайық дегім келеді. Егеменді еліміздің ертеңі – болашақ маман иелері болу өз қолымызда екені даусыз.

▼ **6. Нәтиже.** Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлт болашағы білімді ұрпақ қолында» деп айтқан сөзі бізге жарқын болашаққа апарар жолды меңзеп тұрғандай. Шын мәнінде бүгінгі жас – ертеңгі елдің мызғымас тірегі, келешек келбеті. Сол себепті олардың білімді, бәсе-кеге қабілетті, жан-жақты әлеуметтенуі ел дамуындағы аса маңызды фактор болып табылатыны анық.



Астана әлем көзімен

Астана қаласына келушілер қашанда көп. Олардың арасында алыс-жақын шетелдерден келетін ресми тұлғалар, саяхаттағанды жаны сүйетін туристер, іскерлік байланыстарды орнатуға мүдделі кәсіпкерлер, сондай-ақ, Қазақстанның түкпір-түкпірінде тұратын адамдар бар. Келген сайын елорданың көркіне сүйсініп, көзайым болатындардың қатарына бұл күндері өтіп жатқан Халықаралық мамандандырылған «ЭКСПО-2017» көрмесінің қонақтарын қоссақ болады.

ЗӘУЛІМ ҒИМАРАТТАРЫНА ТАМСАНДЫМ

Үндістан мемлекетінің өкілі:

— Мен мәдениеті мен саудасы дамыған Қазақстанға әрдайым достық пейілмен қарайтын ежелгі Үндістан елінің атынан келіп отырмын. Халықаралық көрмеге қатысып отырғанымызға өте қуаныштымыз. Сол арқылы екі елдің арасындағы байланыс одан сайын нығая түседі ғой деген ойдамыз. Бұл, сөзсіз, мәдени-экономикалық қатынасты жаңа деңгейге жеткізетін үлкен шара. Астанадағы «ЭКСПО-2017» көрмесіне қатысушы ретінде ұйымдастырушыларға ризашылығымды білдіргім келеді.



Үнді елінің павильонында келушілерге, соның ішінде қыз-келіншектерге арналған түрлі әшекей бұйымдарды саудаға шығардық. Жыл өткен сайын Үндістан мен Қазақстан арасындағы тауар айналымы көрсеткіші де ұлғаю үстінде. Бұл да болса, екі ел арасындағы тату-тәтті қатынастың септігі.

Бұл — Астанаға алғаш рет келуім. Ең алғаш рет бұл қаланы көргенде зәулім ғимараттарына, ұшы-қиыры жоқ жазық далаға, айнала жайқалған жасыл желекке тамсандым. Мұндағы жұртшылық дамыған елдің тұрғындарымен қай жағынан да иық тіресе алатындай: сәнді киінген, көпшілігі жұмысбасты, сөйте тұра, ізетті. Бір жерге қалай жетеріңді білмей, қиналып тұрсаң, сол бойда жөн сілтеп жібереді. Толайым табысқа кенеле беріңіздер!

ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСТЕЛІК

Рубен Геваргиян,

Армения мемлекетінің өкілі:

— Біз «ЭКСПО-2017» көрмесіне Арменияның жасыл экономика, болашақтың энергиясы, жалпы жоғары технология салаларындағы жеткен жетістіктерін көрсету үшін келдік. Осынау Халықаралық шараға қатысып жатқандықтан, Астананы көру бақыты да бұйырды. Менің ойымша, бұл менің өмірімдегі ұмытылмас оқиғалардың бірі болады. Маған, әсіресе, Астананың сәулеті ұнады. Мұндағы алып ғимараттар, жағалай егілген қызылды-жасылды гүлдер, үлкен субұрқақтар ерекше көз тартады екен. Армениядан келген жерлестер болып осы қаланың көрнекті жерлерін араладық, суретке түстік. Бұның бәрі естен кетпес естелік боп қалатыны сөзсіз.



Биыл Астана күні «ЭКСПО-2017» көрмесімен тұспа-тұс келіп тұрғанын естідім. Менің пікірімше, бұл үлкен тарихи оқиға. Қазақстанның жылнамасында бұл қос мерекенің алтын әріппен жазылатыны бүгіннің өзінде белгілі. Біз сияқты туристерге де Астана күнін тойлау қызық болады деп ойлаймын.

Барлық қазақстандықтарға, тілеулес ағайынға ең алдымен амандық тілеймін. Әрқайсыңыздың армандарыңыз орындалып, жоспарларыңыздың жүзеге асуына тілекші екенімді білдіргім келеді.

АСТАНА — ИГІ БАСТАМАЛАРДЫҢ ҚАЛАСЫ

Кай Тиан,

Қытай Халық Республикасының өкілі:

— Мен көрмедегі Қытай павильонында үйлестіруші болып жұмыс істеймін. Осы қызметті атқару үшін Қытайдан арнайы келдім. Соның арқасында Қазақстан деген мемлекетті, Астана қаласын көргеніме өзімді шексіз бақытты адамдардың қатарына қосамын. Астанада әзірге көп бола қойғаным жоқ.



Ол туралы ашылып әңгіме айта алмайтыным сондықтан. Бірақ, менің ойымша, бұл — уақытша құбылыс. Қолым бос кезде міндетті түрде қаланы аралауға шығамын деп бекініп отырмын.

Бір байқағаным, Астана — жаңашылдықтың, игі бастамалардың қаласы. Бүкіл ғылыми жетістіктер, инновациядағы игілікті оқиғалар осында өтетінге ұқсайды. Соның бір дәлелі ретінде «ЭКСПО-2017» көрмесін мысалға келтіруге болады. «ЭКСПО» қалашығындағы Қазақстан павильонын аралағаннан кейін мұнда да ғылым мен техниканың қарыштап дамып жатқанына көз жеткіздім. Жаһандану заманына сай жасалып жатқан жұмыстар аз емес. Алдағы уақытта да бұл саладағы оңды оқиғалардың көп болатынына сенімім кәміл.

Жаһандану дәуірінен қалыспай, күн сайын түрленіп, көптеген елдер өкілдерінің бас қосатын, осылай тәжірибе алмасатын ордасына айналған Астанаға барлық жақсылықтарды тілеймін! Өсіп-өркендеп, дами берсін. Астананың «туған күні» құтты болсын!

ШЕТЕЛДІКТЕР КӨП КЕЛЕТІН ҚАЛА

Ярослав Вархабский,

Чехия Республикасының өкілі:

— Мен Астанаға негізінен «ЭКСПО-2017» көрмесімен танысу үшін келдім. Маған мұнда арқау етілген тақырып, экологияны жақсартуға ұмтылған идеяның өзі ұнады. Жалпы павильондардың мазмұны да, олардың безендірілуі де көңілімнен шықты.



Ал Астана қаласымен мен бұрыннан таныспын. Ол туралы ғаламтор беттеріне шыққан материалдарды да, суреттерді де талай көргенмін. Бір айтарым, Астана — шетелдік қонақтардың көптеп келетін қаласы екені бірден сезіледі. Бұл жақтағы халықтың өзі бірнеше тілде сөйлейді, өзгелермен тез тіл табысқыш, жайдары. Қоғамдық орындарына келсек, үш

тілде қызмет көрсетілетіні ұнады. Әрине, бәрі емес, бірақ ағылшын тілінде мүдірмей сөйлейтіндерді Астанадан табуға болады.


Болашақта Астана қаласының бұдан да мықты болатынына, көркейетініне сенімім зор. Өйткені сіздердегі мемлекеттік саясат, өзгелерге деген жылы көзқарас, достық пейіл шынымен үлгі етуге тұрарлық. Татулықты ту еткен Қазақстан Республикасының әлемдік аренада беделінің бұдан да биік болуына, мұндағы тұрғындардың бар арман-тілегінің іске асуына тілектеспін. Астана қаласының күнімен барлықтарыңызды құттықтаймын!

ЕЛОРДАҒА АЛҒАШ РЕТ КЕЛДІМ

Абдулазиз Садық,

Катар мемлекетінің өкілі:

— Астана қаласына мен алғаш рет келіп тұрмын. Дамушы елдердің қатарында болғандықтан, көп елдердің бірін көретін шығармын деп ойлағанмын. Бірақ, маған Қазақстан басқаша әсер етті. Мұндағы қаланың құрылысы, Еуропадағыдай алпауыт ғимараттардың көптігі, қаланың безендірілуі кім-кімді де таң қалдырады. Әрі мұсылман елі болғандықтан, ашық-шашық жүретін адамдардың онша көп болмауы сүйсіндірді.



Астананың аз уақыттың ішінде көп жетістікке жеткенін, халықаралық деңгейдегі ірі форум, саммиттер өтетін алаңға айналғанын естіп-біліп жүрміз. Бұл да болса біздің Астананы сырттай ертерек тануымызға әсер етті.

Бұрын өзгелерден түсінгенім бойынша, Астананы желі қатты, жан-жақта құрылысы қарқынды жүріп жатқан, көп ұлттар шоғырланған мегаполис ретінде елестететінмін. Шын мәнінде, Астананың әлі ізденіс үстінде екеніне, енді-енді ірі қалаға айналып келе жатқанына көз жеткіздім. Құрылғанына 19 жыл болған Астананың қазіргі күйі — қажырлы еңбектің көрінісі екені хақ.

Көшелердегі абаттандыру жұмыстары, гүлдердің түр-түрінің жайнап өсіп тұруы, тазалық жұмыстарымен айналысатын қызметкерлердің күні-түні дамыл таппауы — осының бәрі ұйымдастырушылық жұмыстардың жолға қойылғанын айғақтайды. Бұны біз, Астанаға сырттан келушілер бірден аңғарамыз. Және жоғары бағаладық.

Әлем астаналарының арасында Астана қаласының өзіндік ерекшелігі бар дер едім. Оны сезіну үшін Астанаға келіп, кемінде 3-4 күн болу керек. Өз басым Астанадан еліме жақсы әсермен оралатыныма сенімдімін

БҮЛ — ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҮШІН ҮЛКЕН МӘРТЕБЕ

Дэвид Буун,

АҚШ өкілі:— Бұл менің Астана қаласына жасаған алғашқы сапарым емес. Бұған дейін бірнеше рет Қазақ еліне жолым түскен. Астананы да әр келген сайын аралауды әдетке айналдырғанмын.

Осы жолы да жұмыс бабымен келдім. Мен ағылшын, корей,



орыс тілдерінен кәсіби аудармашымын.

Менің ойымша, «ЭКСПО-2017» көрмесінің дәл Астана қаласында өткізіліп жатқаны қазақстандықтар үшін үлкен мәртебе. Бұл Қазақстанды өзге мемлекеттерге кезекті рет танытады ғой деп ойлаймын. Халықаралық көрме шетелден көптеген инвесторларды тартуға, мұндағы туризмнің дамуына оңды әсер етеді.

Астанада биыл ерекше ұзақ болмақпын. Халықаралық көрме аяқталғанша, яғни қыркүйектің 10-на дейін осында аялдаймын. Осы аралықта елорданың бұрын-соңды көрмеген көрікті орындарына барып, қала туралы танымым одан сайын кеңейеді деп ойлаймын.

Жалпы, Астана туралы бұған дейін қалыптасқан пікірім жақсы. Көшелері кең, үйлері биік, туристерге бар жағдай жасалған. Маған осындағы қоғамдық орындардан, әрине, «Хан шатыр» ойын-сауық кешені ұнайды. Онда жаныңа керектінің бәрі бар: тамақтанатын орын, шаштараз, көңіл көтеру орталықтары, тіпті аттракциондар.

Биыл 19 жасқа толатын Астана қаласы мен оның тұрғындарына және біз сияқты қонақтарына осында өткізген уақыттарыңыз ұмытылмастай өтсін деп тілек арнаймын.

ҚАЗАҚТАР — ҚОНАҚЖАЙ ХАЛЫҚ

Самир Уддин,

Пәкістан Ислам Республикасының өкілі:

— Менің ұғымымда Астана қаласы мен мұндағы қазақтар қонақжай, өте сыпайы болып қалыптасты. Кез келген нәрсеге шынымен алаңдаушылық білдіріп, сырттан келген біз сияқты қонақтардың көңілін қалдырмауға тырысады. Астаналықтардың көпшілігі бізге жымып, жылы шырай танытатынын да айта кетсем деймін. Бұл, әлбетте, бізді қуантады.



Астана қаласын әлемнің өзге астаналарымен салыстырмаймын. Өйткені оның өзіндік бет-бедері бар. Ұлттық стильдегі, өрнектермен көркемделген Сол жағалаудағы бірқатар ғимараттар таңдай қақтырды. «Бәйтерек» монументіне барып, бүкіл қаланы биіктіктен қарадым. Ұнады.

Өзімнің ойымша, Астананы аралап шығу үшін аз уақыт қажет емес. Жеке басым қаланың орталық көшелерімен таныспын. Енді, сәті түссе, шаһардың ескі бөлігіне барғалы отырмын. Бейбіт өмірде бәріміз өмір сүре берейік!

Бүгінде бүкіл әлем елдері көз тігіп, көзайым болған Астанамызға жер-жерден келіп жатқан қонақтардың қарасы қалың. Олардың бірқатарымен әңгімелесе келе, елорданың көркіне көз тоймайтын көріністері көп екенін, гүлденген бас қаланың дүниежүзі астаналарымен қай жағынан да тең екеніне кезекті рет көз жеткіздік. Біз сөзге тартқан «ЭКСПО-2017» көрмесіне келген қонақтардың жоғарыдағы ой-пікірлері де бұған дәлел. Сарыарқаның төсінде бой көтерген еңселі елордамызға ақжарма тілегін арнайтындардың толастамайтыны да белгілі. Ең бастысы, қонақтардың тілек-лебіздері қабыл болғай!



Астана әлем көзімен

1. Анықтама. Астана қаласына келушілер қашанда көп. Олардың арасында алыс-жақын шетелдерден келетін ресми тұлғалар, саяхаттағанды жаны сүйетін туристер, іскерлік байланыстарды орнатуға мүдделі кәсіпкерлер, сондай-ақ, Қазақстанның түкпір-түкпірінде тұратын адамдар бар

2. Тану. Келген сайын елорданың көркіне сүйсініп, көзайым болатындардың қатарына бұл күндері өтіп жатқан Халықаралық мамандандырылған «ЭКСПО-2017» көрмесінің қонақтарын қоссақ болады.

3. Ерекшелігі. Бүгінде бүкіл әлем елдері көз тігіп, көзайым болған Астанамызға жер-жерден келіп жатқан қонақтардың қарасы қалың.

4. Маңызы. Олардың бірқатарымен әңгімелесе келе, елорданың көркіне көз тоймайтын көріністері көп екенін, гүлденген бас қаланың дүниежүзі астаналарымен қай жағынан да тең екеніне кезекті рет көз жеткіздік. Біз сөзге тартқан «ЭКСПО-2017» көрмесіне келген қонақтардың жоғарыдағы ой-пікірлері де бұған дәлел.

5. Қорытынды. Сарыарқаның төсінде бой көтерген еңселі елордамызға ақжарма тілегін арнайтындардың толастамайтыны да белгілі. Ең бастысы, қонақтардың тілек-лебіздері қабыл болғай!

6. Нәтиже.

Асқақтай бер, Ару Астанам!



Дәптермен жұмыс

1–тапсырма. Төмендегі сызба бойынша *Туған өлке экономикасы талдау жасаңыз.*

1. Анықтама _____

2. Тану _____

3. Маңызы _____

4. Ерекшелігі _____

5. Қорытынды _____

6. Нәтиже _____



Астана тәуелсіздік тірегі.

Еліміз мерекелерден кенде емес. Алайда бүгінгі қуаныштың, дәл қазіргі шаттықтың орны алабөтен. Ертең – Тәуелсіздік күні. Азаттық, егемендік мейрамы. Ұлы дала не көрмеді десеңізші. Бәрін бастан өткерді. Аштық, жалаңаштық, қан төгілген шайқастар, бодандық... Ақырында, осы күнге де жеттік-ау. Талай уақыт, талай ғасыр армандап, көксеген Тәуелсіздік таңы да арайланып атты. Тәуелсіздік бүгін осындай жаста. Әрине, бұл аса көп емес. Бірақ соған қарамастан досымыз сүйініп, дұшпанымыз күйінетін жарқын істерді тындыра білдік. Осынша аз уақыт ішінде анау-мынау емес, бір қаланы – ел астанасын тұрғызып тастағанымыз айтарлықтай-ақ ұлы жетістік болды. ЕҚЫҰ-ның тізгінін ұстағанымыз ше? Өз топырағымыз – Азияны аттап өтіп, Еуропаның төріне шыққанымыз, төрткүл әлемді өзімізге қаратып, тыныштықтың, қауіпсіздіктің қадір-қасиеті жөнінде сөз қозғағанымыз ғажап болды-ау.



Астанадағы Саммитті айтсаңызшы. Әншейінде бастары қосыла қоймайтын дүниежүзінің көшбасшыларын елімізге жинап, қазақтың дархан көңілін, бейбітшілік қасиетін паш еткеніміз де ауыз толтырып айтарлық жетістік болған жоқ па? Иә, солай болды. Тәуелсіздікті алу бар да, оны баянды ету тіпті күрделі екендігіне өткен жылдар анық көз жеткізді. Себебі қордаланып қалған мәселелер көп. Әсіресе, ұлттық бағытта. Тәуелсіздік, ең алдымен, қазаққа қымбат. Артта қалған уақытта қазақтың есесі көп кетті. Қазақ соларды қайтарғысы келеді. Тіл, халық саны, дәстүр... Осыған экономиканы, әлеуметтік жағдайды, экология... мәселелерін қосыңыз. Айта берсе өзекті мәселелер шаш-етектен. Осылардың бәрі жедел шешімін тапса екен дейсің. Бұл да жөн шығар. Дегенмен де біздің қай ісімізде де ақыл мен сабыр, біліктілік серік болса, алынбайтын асу, бағынбайтын биік болмайтындығына сенім мол. Тәуелсіздік талабы осылай. Біз басымызға қонған бақ құсы



тәуелсіздігімізді қайтсек баянды ете аламыз. Қайтсек армандар көкжиегіне қиналмай, тезірек жете аламыз? Бірлікпен, ынтымақпен. Бір-бірімізге қолұшын беріп, бір-бірімізді сүйемелдеп, демеп жүру арқылы. «Бірлік – береке», «ынтымақ – ырыс». Бабаларымыздың бізге тәбәрік етіп қалдырған өсиеті бұл. Тәуелсіздіктің басты тірегі де – осы. Ел бірлігі. Ел жарасымдылығы. Осыны естен шығармайық, ағайын!

Білгенге маржан!

Біздің елбасымыз – Н.Ә.Назарбаев, дана адам, шебер саясатшы, нағыз отаншыл. Ол–Ата Заңның гаранты. Біздің Ата Заңымыз –негізгі тәуелсіздіктің нышандарының бірі.

Қазақстанда өз мемлекеттік рәміздері бар. Олар: ту, елтаңба, әнұран. Олар егемендікті, бостандықты, дәстүрлерді, тәуелсіздікті көрсетеді. Тәуелсіздік – бұл бүгінгі өмір ғана емес, сонымен қатар, ертеңгі өміріміз-Қазақстанның болашағы, оның мүмкіндіктері мен мақсаттары. Тәуелсіз болу – өз тағдырына жауап беру деген сөз.



Тәуелсіздік – ел мұраты

1. Анықтама. Тәуелсіздік – ең алдымен Қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі.

2. Тану. Біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн. Еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде әлемге танылды.

3. Қол жеткізген табыстарымыз. 1991 жылдан бастап тәуелсіздігіміздің жиырма төрт жылындағы жетістіктеріміз. **ЕҚЫҰ-ның тізгінін ұстағанымыз ше?**

3.2. Астанадағы Саммитті айтсаңызшы.

3.3 Қазақстанды **ЭКСПО-2017** Халықаралық көрмесін өткізу орны ретінде таңдалды

4. Өзекті мәселелер.

Тіл.

Халық саны.

Дәстүр.

Экономика.

Әлеуметтік жағдай.

Экология.

5. Нәтиже.



Дәптермен жұмыс

Тапсырма:

1. Эссе жазыңыз.
2. 5 жолды өлең жазыңыз.

II жартыжылдық тест тапсырмалары

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық мұражайы қай жылы ашылды?
 - а). 2011 жылы тамызда
 - ә). 2014 жылы 2 шілдеде
 - б). 2013 жылы мамырда
2. Ұлттық кітапхананың оқу залдары бір мезгілде қанша оқырманды қабылдайды?
 - а). 500-ден астам
 - ә). 800-ден астам
 - б). 1000 оқырман
3. Астанада неше ескерткіш бар?
 - а). 36 ескерткіш
 - ә). 53-тен астам
 - б). 47-45 ескерткіш
4. «Атамекен» этнокешенінде неше облыс макеттері орналасқан?
 - а). 12
 - ә). 14
 - б). 25
5. Қазмедиа кешеннің жалпы аумағы неше мың шаршы метр?
 - а). 68 мың шаршы метр
 - ә). 75,5 мың шаршы метр
 - б). 71,3 мың шаршы метр
6. Астананың көрікті жерлерін жазыңыз.

7. Астананың сауда жүйесін жазыңыз

8. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың қандай сөзі бізге жарқын болашаққа апарар жолды меңзеп тұрғандай
 - а). Ұлт болашағы білімді ұрпақ қолында
 - а). Оқы, оқы жіне оқы
 - а). Кел, балалар, оқылық!
9. Асқақтаған Астанаға айтар тілегіңіз

Қорытынды

Бұл оқу құралы Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы бойынша жазылды.

Оқу құралы оқушыларға айтылым, жазылым, тыңдалым, тілдесім әрекеттері дамыды. Бұл таңдау курсы арқылы оқушылардың бойында өз өлкесі: оның табиғаты, табиғат ресурстары, өнеркәсіптері, көлік жүйесі, тарихи және мәдени дамуы, белгілі адамдары, өлкенің аудан, облыс, аймақ және республика үшін маңызы жайлы білім жүйесі қалыптасты. Оқушының өз өлкесінің экономикасындағы еңбек ресурстарына сұранысы жайлы білу мүмкіндігі болды. Сонымен қатар туған аймақтың табиғи-экономикалық ерекшеліктерін және олардың даму келешегін оқып-үйренді. Берілген анықтамалар мен тапсырмалар оқушының жас ерекшелігі мен қабілеттілігіне сәйкес құрылды. Әр талдау үлгісін басшылыққа ала отырып тапсырмалар, сұрақтар, тест жұмыстары ұсынылды. Тапсырмадағы тірек сызбалар ұсынылып, оқушының өтілген тақырыпты игеруін, пысықтауын, ой қорытуын жеңілдетті. Өлкетану пәні туған аймақтың табиғатын, көрікті жерлерін бағалайды. Бұл оқу құралы оқу материалын есепке алынып жасалынды. Сондықтан, әр тақырып ғылыми көзқарасының негіздерін қалыптастыруға, танымдылық қабілеттерін дамытуға, ақыл - ойларын шыңдай түсуге септігін тигізеді деп ойлаймыз. Ұсынылып отырған оқу құралы мұғалімдерге және оқушыларға қажетті, тиімді құрал. Оқушыларға ұлттық құндылықтарымызды бағалай білетін, мәдениетті ұлттық тұлға болып қалыптасуына зор үлесін қосатыны сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Есназарова Ұ.Ә. Жалпы орта білім беретін мектептегі өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру. – Алматы: 2013. – 16 бет.

2. Аксакалова Г.П., Андреев Н.В. Методическое пособие по факультативным курсам. – М.: Просвещение, 1978. 159с.

3. Есназарова Ұ.Ә. Қазақстанның физикалық және экономикалық географиясын оқыту. Алматы: Рауан, 1994.

4. Есназарова У.А. Методика преподавания «Географии Республики Казахстан». – Алматы, 2002.

5. Сафуллин А.З. Географическое краеведение в общеобразовательной школе. – М., Просвещение. 1979.

6. Майемер А.М. Қазақстан географиясы пәнін оқытуда аймақтық-өлкетану мәліметтерін пайдалану арқылы қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу. Жүсіп Баласағын Қырғыз ұлттық университетінің Жаршысы. – Бішкек. 2013.

7. «Қазақстан» И.М. Романов, В.А. Жандәулетов 2010ж.

8. «Еуразия жүрегінде» Н.Ә. Назарбаев 2008ж.